

**НҰР-СҰЛТАН Қ. БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ  
БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢҒЫРТУ ОРТАЛЫҒЫ**

**УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ г. НУР-СУЛТАН  
ЦЕНТР МОДЕРНИЗАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ**



**ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ НӘТИЖЕЛІЛІГІН,  
ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА  
ПЕДАГОГТЕРДІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ, ТӘСІЛДЕРДІ,  
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЭЛЕМЕНТТЕРІН ПАЙДАЛАНУЫН  
МОНИТОРИНГІЛЕУ**

**МОНИТОРИНГ РЕЗУЛЬТАТИВНОСТИ ИННОВАЦИОННЫХ  
ПРОЕКТОВ, ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ПЕДАГОГАМИ ТЕХНОЛОГИЙ,  
ПОДХОДОВ, ЭЛЕМЕНТОВ ТЕХНОЛОГИЙ В РАМКАХ  
ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ**

**Нұр-Сұлтан  
2021**

Білім беруді жаңғырту орталығының Әдістемелік кеңесімен баспаға ұсынылды (2021 жылғы 10 қазандағы № 1 хаттама)

Рекомендовано к изданию Методическим советом Центра модернизации образования (протокол № 1 от 10 октября 2021 года)

Инновациялық жобалардың нәтижелілігін, жаңартылған білім беру мазмұны аясында педагогтердің технологияларды, тәсілдерді, технологиялар элементтерін пайдалануын мониторингілеу – Нұр-Сұлтан қ., БЖО, 225 бет.

Мониторинг результативности инновационных проектов, использования педагогами технологий, подходов, элементов технологий в рамках обновленного содержания образования – г.Нур-Султан, ЦМО, 225 стр.

Құралда мониторинг нәтижелерінің талдауы көрсетілген. Инновациялық жобалардың нәтижелілігін, педагогтердің жаңартылған білім беру мазмұны аясында технологияларды, әдіс-тәсілдерді, технологиялар элементтерін пайдалануын мониторингілеу қорытындысы бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірленді.

В пособии представлен анализ результатов мониторинга. Разработаны методические рекомендации по итогам мониторинга результативности инновационных проектов, использования педагогами технологий, подходов, элементов технологий в рамках обновленного содержания образования.

Әдістемелік ұсынымдар білім беру ұйымдарының басшылары мен басшы орынбасарларына, педагогтеріне арналған.

Методические рекомендации адресованы руководителям и заместителям руководителей, педагогам организаций образования.

БЖО, «Білім беру саласындағы  
зерттеулер бөлімі», 2021  
ЦМО, «Отдел исследований  
в области образования», 2021  
Мадеев С.М.  
Акбаева А.А.  
Мухамеджанова А.К.  
Досмухамет А.Д.  
Камижан Г.Д.  
Әділхан Ж.Ә.  
Яковлев В.А.

## КІРІСПЕ

Білім берудегі инновациялар жүйелі экономикалық дамуға, ғылымның рөлін күшейтуге, халықтың әл-ауқатын жақсартуға және әлеуметтік шиеленісті төмендетуге мүдделі мемлекеттер үшін басым. Оқыту жүйесіндегі тоқырау – теріс құбылыс, мемлекет пен қоғамға теріс әсер етеді, өмірдің барлық деңгейлерінде жүйелік проблемалардың жиналуына әкеледі.

Инновация – кең ұқымды ұғым болып табылады. Білім беру тұрғысынан бұл жаңа технологиялық және әдіснамалық зерттеулерді пайдалану және ескірген стандарттарды уақтылы ауыстыру дегенді білдіреді.

Инновацияларды енгізудің қиындықтары болашақ міндеттерді шешудің келесі бағыттарын көрсетеді, яғни:

- білім берудегі инновациялардың кәсіби жіктелуі;
- білім берудегі инновациялық менеджмент.

Қолданылатын инновациялық технологиялардың түрлері және оларды білім беру саласына енгізу ерекшеліктері үлкен маңызға ие.

Білім берудегі жаңартулардың мақсаты – қабілеттерін қолдануда кез-келген салада жетістікке жете алатын тұлғаларды тәрбиелеу. Осы салада жаңашылдықтарды жүйелі түрде енгізуде жұмыстың жаңа тәсілдері мен түрлері арқылы және процестің мәнін өзгерту арқылы педагогтердің жұмысын мағыналы және ұтымды түрде пайымдау қажет.

Осылайша, білім беру процесіндегі инновациялық технологиялардың прогресі жүйені жетілдіру мен практикада қайтарымның болуын арттыру болып табылады.

Модернизация әдістеріне мыналар жатады:

✚ пән ішіндегі жаңартулар – жаңа оқу кешендеріне және авторлық әзірлемелерге көшу;

✚ жалпы әдістемелік жаңалықтар – білім берудің кез келген пәндік саласында қолданылатын стандартты емес, әмбебап білім беру технологияларын енгізу;

✚ басқарушылық инновациялар – жүйе субъектілерінің жұмыс істеу нәтижелілігін арттыруға бағытталған басшылардың шешімдері;

✚ идеологиялық әзірлемелер – санадағы өзгерістерден туындаған инновациялар, олар басқа инновациялар үшін негізгі іргетас болып табылады, өйткені жаңаның қажеттілігін түсіну инновацияның пайда болуына әкеледі.

Инновациялық технологиялардың міндеті – педагогикалық дағдарыс мәселесін оқшаулайтын бағдарламаларды қолдану арқылы мүмкін болатын дәстүрлі жүйеге қатысты субъектінің жеке басын сапалы өзгерту. Мұндай бағдарламалардың басты міндеті – стандартты емес ойлауды қалыптастыру және оқушылардың қабілеттерін барынша дамыту.

Осылайша, білім берудегі инновациялық процестер – бұл оқыту идеясын нақты инновацияға айналдыратын процедуралар мен құралдардың үйлесімі. Процестің негізгі элементтері – жүйелілікпен, интегралдылықпен және

тұтастықпен үйлестіре отырып, жаңалықтарды генерациялау және пайдалану болып табылады.

Жаңашылдықты енгізу – қолданыстағы жетілдіруді, идеяны практикалық қолдануға дайын өнімге айналдыруды білдіретін білім берудегі инновациялық процестер. Процесс негізделген және қолданыстағы жүйені жаңа деңгейге даму режиміне ауыстырады. Білім беру ұйымдарында жаңару процесін реттеу, ол реттеуші және реттелетін жүйелерді үйлестіру дегенді білдіреді, оның түпкі мақсаты – білім беруді «шабыттандыру» және оқыту сапасын арттыру.

## ГЛОССАРИЙ

Осы зерттеуде пайдаланылатын негізгі ұғымдар ҚР «Білім туралы» Заңымен және педагогикалық терминологиялық сөздікпен анықталған (ТМД Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің білім беру саласындағы келісілген терминдер мен анықтамалар сөздігі-М., 2004).

**Білім беру** – адамгершілік, зияткерлік, мәдени, дене бітімін дамыту және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқытудың үздіксіз процесі;

**Білім беру сапасы** – білімнің алуан түрлі қажеттіліктерге (нәтиже ретінде, процесс ретінде, әлеуметтік жүйе ретінде), жеке адамның, қоғамның, мемлекеттің мүдделерге сәйкестігі;

**Білім беру қызметі** – білім беру субъектілерінің мақсатты, педагогикалық негізделген, дәйекті өзара іс-қимыл процесі, оның барысында тұлғаны оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттері шешіледі;

**Білім берудегі инновациялық жоба** - бұл нақты міндеттерді шешуге бағытталған ресурстар мен мерзімдер бойынша мақсатты, өзара шартты іс-шаралар кешені; технологиялық сипаттағы жаңалықтарды әзірлеуге және енгізуге бағытталып жоспарланған және құжатталған елеулі шамада бірегей және дербес өнім;

**Білім беру мониторингі** – білім беру процестерін жүзеге асырудың жай-күйін және нәтижелері мен шарттары өзгеруінің серпінін, білім алушылар контингентін, білім беру ұйымдары желісін, сондай-ақ олардың қызметі жетістіктерінің рейтингілік көрсеткіштерін жүйелі түрде байқау, талдау, бағалау және болжау;

**Білім сапасы** – бұл жоспарланған мақсаттарға сәйкес белгілі бір кезеңде білім алушылар қол жеткізетін ақыл-ой, адамгершілік және физикалық дамудың белгілі бір деңгейі;

**Гимназия** – білім алушылардың бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес қоғамдық-гуманитарлық және басқа бағыттар бойынша кеңейтілген және тереңдетілген білім беруді қамтамасыз ететін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін және қосымша білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

**Ғылыми-әдістемелік жұмыс** – ғылым жетістіктері мен озық педагогикалық тәжірибеге негізделген және үздіксіз білім беру жүйесінің жұмыс істеуі мен дамуын жетілдіруге бағытталған қызмет түрі;

**Диагностикалық карта** – бағдарламаны іске асыру сапасын бағалау құралы.

**Жалпы білім беретін мектеп** – мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламаларын, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, арнайы оқу және жеке-дара дамытатын бағдарламаларды, сондай-ақ білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы;

**Лицей** – оқушылардың бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес кеңейтілген және тереңдетілген жаратылыстану-математикалық білім беруді қамтамасыз ететін негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін және қосымша білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

**Оқыту** – білім алушылар мен тәрбиеленушілердің білім, білік, дағды мен құзыреттілікті меңгеру, қабілеттерді дамыту, күнделікті өмірде білімді қолдану тәжірибесін алу және өмір бойы білім алуға уәждемені қалыптастыру бойынша қызметін ұйымдастырудың мақсатты бағытталған процесі;

**Оқыту нәтижелері** – білім алушылардың білім беру бағдарламасын меңгеру бойынша алған, көрсететін білімінің, машықтарының, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қарым-қатынастар;

**Орта білім беру** – мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру нәтижесінде азаматтардың алатын Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген білімі;

**Орта білім беру ұйымы** – мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, мамандандырылған жалпы білім беретін және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы;

**Педагог** – тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар және білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту мен тәрбиелеу, білім беру қызметін ұйымдастыру және (немесе) әдістемелік қамтамасыз ету бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын адам;

**Педагог қызметін курстан кейін қолдау** – педагогтің кәсіптік құзыреттілігін оның курстан кейінгі қызметін үздіксіз мониторингтеу және әдістемелік, консультациялық көмек көрсету арқылы дамытуды қамтамасыз ететін іс-шаралар жүйесі;

## 1. ЗЕРТТЕУ ӘДІСНАМАСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы білім беру ұйымдарының педагогтері оқу-тәрбие үрдісінде жаңартылған білім беру мазмұны аясында әдіс-тәсілдерін белсенді қолданады. Сонымен қатар, педагогтер білім берудегі инновацияларды дәстүрлі әдіс-тәсілдермен, технологиялармен өте тиімді кіріктіруде.

Инновациялық жобалардың нәтижелілігі, педагогтердің жаңартылған білім беру мазмұны шеңберінде технологияларды, тәсілдерді, технологиялар элементтерін пайдалануы бойынша мониторинг педагогикалық процесті тұтас әрі толық көру үшін; педагогтердің жаңартылған мазмұндағы сабақ құрылымында оқыту технологияларының әдістерін, тәсілдерін, технологияларын, элементтерін жүйелі біріктіруін зерделеу үшін; инновациялық педагогикалық тәжірибені анықтау, қорыту, тарату үшін енгізіледі.

**Мониторинг мақсаты:** оқу-тәрбие үрдісіндегі инновациялық жобалардың, технологиялардың, технология элементтерінің өзектілігі мен нәтижелілігін анықтау.

### **Мониторинг міндеттері:**

Инновациялық жобалардың нәтижелілігін диагностикалау.

Білім берудің жаңартылған мазмұны аясында педагогтер қолданатын технологиялар элементтерінің, технологиялардың нәтижелілігін диагностикалау.

Талдау және әдістемелік ұсынымдар

### **Мониторинг құралдары:**

1-қосымша. Мониторинг жүргізу бойынша түсінік хат

2-қосымша. Инновациялық жобалардың (халықаралық, республикалық, қалалық) тиімділігін диагностикалау

3-қосымша. Жаңартылған білім беру мазмұны аясында педагогтер қолданатын технологиялар элементтерінің, технологиялардың нәтижелілігін диагностикалау

4-қосымша. Білім беру ұйымдарындағы инновациялық жобалардың тізбесі

### **Мониторинг құралдарының құрылымы:**

✓ халықаралық, республикалық, қалалық және мектеп жобаларын жүзеге асыру бойынша диагностикалық кестелерден тұрады. Бұл кестелерде жобаны іске асыру мерзімдері, қаржылық, еңбек, материалдық-техникалық және зияткерлік ресурстар бойынша деректер, сондай-ақ жоба шеңберінде білім беру ұйымының тәжірибесін трансляциялау туралы деректер, мектептермен ғана емес, басқа да ұйымдармен ынтымақтастығы, жоба кезеңдері, күтілетін нәтижелері туралы бастапқы деректер қамтылуы тиіс. Ең маңыздысы – кіріс, аралық немесе соңғы диагностика көрсеткіштері.

✓ білім беру ұйымдары педагогтерінің жаңартылған білім беру мазмұны аясында технологияларды, әдістерді, тәсілдерді, технологиялар элементтерін пайдалануы бойынша бастапқы деректердің диагностикалық кестесін ұсынады.

Бұл диагностикалық кестеде мұғалімдер қолданатын ең тиімді технологиялар көрсетілуі керек.

✓ инновациялық жобаларды неғұрлым толық көрсетуге арналған мектептердің атауы және олардың саны бар халықаралық, республикалық, қалалық масштабтағы жобалар тізбесі бар кесте.



## **2. ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ НӘТИЖЕЛІЛІГІ, ПЕДАГОГТЕРДІҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ, ТӘСІЛДЕРДІ, ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЭЛЕМЕНТТЕРІН ПАЙДАЛАНУ МОНИТОРИНГІСІН ТАЛДАУ**

### **2.1. Білім беру ұйымдарындағы инновациялық жобалар нәтижелілігінің мониторингісін талдау**

Білім беру саласындағы сарапшылардың ұйғарымдарына сәйкес инновациялық жоба ұғымына мынадай анықтама беруге болады: Білім берудегі инновациялық жоба бұл – нақты міндетті шешуге бағытталған ресурстар мен мерзімдер бойынша мақсатты, өзара шартты іс-шаралар кешені; технологиялық сипаттағы жаңалықтарды әзірлеуге және енгізуге бағытталып жоспарланған және құжатталған, айтарлықтай дәрежеде бірегей және автономды өнім.

Нұр-Сұлтан қаласының білім беру ұйымдарында білім алушылардың білім сапасын арттыруға, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға, өскелең ұрпақтың көшбасшылық қасиеттерін дамытуға бағытталған бірқатар инновациялық жобалар іске асырылуда.

Мониторингке қатысушыларды нақты түсіну және анықтау үшін Нұр-Сұлтан қаласы бойынша орта білім беру ұйымдарының тізбесі көрсетілген кесте, сондай-ақ мониторингі талдауда қайталау кезінде аббревиатуралардың толық жазылуы беріледі (2.1-кесте)

#### **2.1-кесте. Мониторинг шеңберіндегі орта білім беру ұйымдарының тізімі**

<b>№</b>	<b>Орта білім беру ұйымдары</b>
1	«№ 1 мектеп-лицей» КММ
2	«Ғафу Қайырбеков атындағы № 2 мектеп-гимназия» КММ
3	«№3 мектеп-гимназия» КММ
4	«Жамбыла.Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназия» КММ
5	«№5 гимназия» КММ
6	«№6 гимназия» КММ
7	«Ғали Орманов атындағы №7 мектеп-гимназия» КММ
8	«№8 мектеп-лицей» КММ
9	«№ 9 «Зерде»мамандандырылған мектебі» КММ
10	«Жұмабек Ташенов атындағы №10 мектеп-гимназия» КММ
11	«№12 балабақша-бастауыш мектеп кешені» КММ
12	«№13 орта мектебі» КММ
13	«№14 мектеп-гимназия» КММ
14	«№15 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
15	«Төлеген Айбергенов атындағы №16 орта мектебі» КММ
16	«Ақан Құрманов атындағы №17 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК
17	«№18 орта мектебі» КММ
18	«№19 орта мектебі» КММ
19	«№20 орта мектебі» КММ
20	«№21 орта мектебі» КММ
21	«№22 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК

22	«№23 орта мектебі» КММ
23	«№24 орта мектебі» КММ
24	«№25 орта мектебі» КММ
25	«№26 мектеп-гимназия» КММ
26	«№27 мектеп-лицей» КММ
27	«№28 мектеп-лицей» КММ
28	«№29 орта мектебі» КММ
29	«№30 мектеп-гимназия» КММ
30	«№31 мектеп-гимназия» КММ
31	«№32 мектеп-гимназия» КММ
32	«Нүркен Әбдіров атындағы №33 «Балабақша-бастауыш мектеп» кешені» КММ
33	«№34 орта мектебі» КММ
34	«№35 мектеп-лицей» КММ
35	«№36 орта мектебі» КММ
36	«Сырбай Мәуленов атындағы №37 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
37	«№38 мектеп-лицей» КММ
38	«№39 кешкі ауысымдағы мектебі» КММ
39	«Әлкей Марғұлан атындағы №40 мектеп-лицей» КММ
40	«№41 орта мектебі» КММ
41	«№42 орта мектебі» КММ
42	«№43 орта мектебі» КММ
43	«№44 орта мектебі» КММ
44	«№45 орта мектебі» КММ
45	«№46 «Балабақша-мектеп-гимназия» кешені» КММ
46	«№47 «Балабақша-мектеп-гимназия» кешені» КММ
47	«Ахмет Байтұрсынов атындағы №48 мектеп-лицейі» КММ
48	«№49 орта мектебі» КММ
49	«Райымбек батыр атындағы №50 «Қазғарыш» мектеп-лицейі» КММ
50	«№51 мектеп-гимназия» КММ
51	«Бейімбет Майлин атындағы №52 мектеп-гимназия» КММ
52	«№53 мектеп-лицей» КММ
53	«№54 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
54	«№55 орта мектебі» КММ
55	«Шәкәрім атындағы №56 мектеп-лицейі» ШЖҚ МКК
56	«Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектебі» КММ
57	«І. Жансүгіров атындағы №58 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК
58	«№59 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
59	«№60 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
60	«№61 орта мектебі» КММ
61	«№62 мектеп-лицей» КММ
62	«№63 мектеп-гимназия» КММ
63	«№64 мектеп-лицей» КММ
64	«№65 мектеп-гимназия» КММ
65	«№66 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
66	«№67 гимназия» ШЖҚ МКК
67	«Міржақып Дүлатұлы атындағы №68 мектеп-гимназия» КММ
68	«№69 мектеп-гимназия» КММ
69	«№70 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК

70	«№71 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
71	«№72 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
72	«№73 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
73	«№74 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК
74	«№75 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК
75	«Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицейі» ШЖҚ МКК
76	«№77 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК
77	«№78 мектеп-гимназия» КММ
78	«№79 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
79	«Сәкен Сейфуллин атындағы №80 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК
80	«№81 «Astana English School» мамандандырылған гимназиясы» КММ
81	«№82 «Дарын» мамандандырылған лицейі» КММ
82	«№83 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК
83	«Шейх Халиф бен Заид аль-Нахаян атындағы №84 мектеп-лицей» КММ
84	«Шейх Тамим бен Хамад аль-Тани атындағы №85 мектеп-лицей» КММ
85	«№86 мектеп-гимназия» КММ
86	«Абай Құнанбаев атындағы №87 мектеп-гимназия» КММ
87	«№88 мектеп-лицей» КММ
88	«№89 мектеп-лицей» КММ
89	«№90 гимназия» КММ


Зерттеу шеңберінде орта білім беру ұйымдарының атаулары мынадай түрде пайдаланылатын болады:

- ✚ Мектеп-гимназия - МГ;
- ✚ Мектеп-лицей - МЛ;
- ✚ Гимназия - Г;
- ✚ Орта мектеп - ОМ;
- ✚ Кешкі аусымдағы мектеп - ККМ;
- ✚ «Балабақша-бастауыш мектеп» кешені - ББМК;
- ✚ «Балабақша-мектеп-гимназия» кешені - БМГК;
- ✚ № 9 «Зерде» мамандандырылған мектебі - №9 «Зерде»;
- ✚ Мамандандырылған гимназия – МмГ
- ✚ Мамандандырылған лицей – МмЛ
- ✚ Арнайы түзету мектеп-интернаты - АТМИ

Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасының 2021 жылғы 03 қыркүйектегі № 469 бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдарында 28 инновациялық жоба іске асырылуда, оның ішінде (2.1-сурет):

1. Халықаралық жобалар-5
2. Республикалық жобалар – 3
3. Қалалық жобалар-20

### Нұр-Сұлтан қаласының білім беру ұйымдарындағы инновациялық жобалар туралы мәліметтер



2.1-сурет

Білім беру ұйымдарының жобаларға қатысу бойынша статистикалық деректері мынадай нәтижелерді көрсетті:

1. Халықаралық жобаларға 54 (24%) білім беру ұйымы қатысады, оның ішінде 2 мектепке дейінгі білім беру ұйымы (2%), 1 ТжКББ ұйымы (3%), 1 арнайы түзету мектеп-интернаты (33%), 51 орта білім беру ұйымы (55%) (2.2-сурет).

### Халықаралық жобаларды іске асыратын білім беру ұйымдары туралы мәліметтер




2.

2-сурет

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша білім беру ұйымдарының барлығы – 226, оның ішінде 96 мектепке дейінгі білім беру ұйымы, 93 орта білім беру ұйымы, 34 ТжКББ, 2 арнайы түзету мектебі, 1 балалар үйі.


Анықталған пайыздық мөлшерлеме құрамында орта білім беру ұйымдарының 55%, ТжКББ ұйымдарының 3%, арнайы түзету ұйымдарының 33% халықаралық жобаларды іске асырған.

2. Республикалық жобаларға 6 орта білім беру ұйымы қатысқан (2.3-сурет).




2.3-сурет

3. Қалалық жобаларға 74 (33%) білім беру ұйымы қатысады, оның ішінде 66 (71%) орта білім беру ұйымдары, олардың кейбіреулері 2-ден 4-ке дейін жобаны, 1 түзету мектебі, 1 балалар үйі, 5 колледжі (14,7%) жүзеге асырған (2.4-сурет):



2.4-сурет

**Инновациялық жобаларды іске асыратын білім беру ұйымдары бойынша салыстырмалы деректер**



2.5-сурет

Сонымен Нұр-Сұлтан қаласы бойынша барлығы 226 мемлекеттік білім беру ұйымдарының ішінде 3% мектепке дейінгі ұйымдар, 82% орта білім беру ұйымдары, 14,7% техникалық және кәсіптік білім беру және 100% арнайы түзету мектептері қалалық инновациялық жобаларды іске асыратыны белгілі болды (2.5-сурет).

***Нұр-Сұлтан қ. білім беру ұйымдарында халықаралық жобалардың іске асырылуын талдау***

Білім беру ұйымдарында 5 инновациялық халықаралық жоба жүзеге асырылуда (2.6-сурет):

1. PASCH «Школа: партнер будущего» жобасы – 3 орта білім беру ұйымы (№ 7 МГ, №46 БМГК, № 62 МЛ).


2. Global Scholars – 23 орта білім беру ұйымы (№№ 3, 4, 10, 17, 26, 74, 81, 83, 86 МГ; №№ 38, 53, 56, 60, 66, 71, 72, 73, 76 МЛ; № 57 орта мектебі, № 46 БМГК, №№ 5, 6 Г).

3. Cisco ЖА – 28 орта білім беру ұйымы (№№ 1, 2, 3, 4, 14, 31, 59, 63, 75, 80, 83 МГ; №№ 27, 35, 37, 38, 53, 56, 60, 72, 79 МЛ; №№ 16, 21, 25, 34, 44 ОМ; № 5 Г; Көлік және байланыс колледжі).

4. IB – 6 білім беру ұйымы (№№ 73, 81 балабақшалары; № 66, 73, 85 МЛ, № 81 МмГ).

5. SHARE – 21 білім беру ұйымы (№ 27, 35, 37, 50, 53, 56, 59, 60, 62, 66, 70, 72, 73, 76 МЛ; №№ 58, 65, 68, 74, 77 МГ; №67 Г; № 2 АТМИ).

### Білім беру ұйымдарындағы халықаралық жобалар туралы мәліметтер




2.6-сурет

Статистикаға сәйкес жекелеген мектептер бірнеше жобаны іске асырады: орта білім беру ұйымдарының жалпы санынан (54) 20 мектеп (22%) бір уақытта 2-ден 3-ке дейін жобаны іске асырады (2.7-сурет):

- № 3 МГ – 2 жоба
  - № 4 МГ – 2 жоба
  - № 5 Г -2 жоба
  - № 27 МЛ – 2 жоба
  - № 35 МЛ – 2 жоба
  - № 37 МЛ – 2 жоба
  - № 38 МЛ – 2 жоба
  - №46 БМГК – 2 жоба
  - № 53 МЛ- 3 жоба
  - № 56 МЛ – 3 жоба
- № 59 МЛ – 2 жоба
  - № 60 МЛ – 3 жоба
  - № 62 МЛ – 2 жоба
  - № 66 МЛ– 3 жоба
  - № 72 МЛ – 3 жоба
  - № 73 МЛ – 3 жоба
  - № 74 МГ – 2 жоба
  - № 76 МЛ – 2 жоба
  - № 79 МЛ – 2 жоба
  - № 83 МГ – 2 жоба

### Инновациялық жобаларды іске асыру туралы мәліметтер



2.7-сурет

## 1. «PASCH - Мектебі: болашақ серіктесі» жобасы

«PASCH- Мектебі: болашақ серіктесі» жобасы білім алушыларға неміс тілін ерте үйреніп, Германия мәдениетімен танысуға мүмкіндік береді. Бұл жобаға қатысу Германия университеттерінің бірінде білім алуды жалғастыруға және кәсіби мансапты халықаралық ауқымда одан әрі дамытуға алғышарт болып табылады.

Бұл жобаға Нұр-Сұлтан қаласының 3 орта білім беру ұйымы қатысады. Жоба қаржылық шығындарды талап етпейді және білім беру ұйымының өзі таңдаған мерзімде іске асырылады. Жобадан күтілетін нәтиже білім алушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту және жетілдіру, неміс тіліне қызығушылығын ояту, білім сапасын арттыру, білім алушылармен алмасу болып табылады. Сонымен қатар, Германияда білім алушылардың оқу практикасына стипендия алуы; мектеп түлектері үшін Германияның барлық университеттерінде оқуға DAAD стипендиясын алу, жобаның барлық қатысушылары үшін DSD алу – неміс тілін меңгеру деңгейінің өте жақсы екендігінің дәлелі.


Қазақстан Республикасы бойынша сүйемелдейтін, қолдау көрсететін ұйым Гете Институты және «Wiedergeburt» неміс тілі қоғамы болып табылады.

Аталған жобаға Нұр-Сұлтан қаласы бойынша барлығы 3 білім беру ұйымы қатысады, олар:


### ➤ «№46 Балабақша-мектеп-гимназия» кешені

Бұл жоба 5 жылға есептелген және аталған мектепте 2017 жылдан 2022 жылға дейін жүзеге асырылады. «Мектеп: болашақ серіктесі» жобасын №46 БМГК-де 2 педагог басқарады – У.А. Рахмедьянова, А.С. Оспанова. Бұл жоба қаржылық шығындарды талап етпейді. Жоба жалпы мектеп бойынша 1-11 сыныптар аралығында 765 білім алушымен жүзеге асырылуда. Жоба жұмысына 15 педагог, 5 әкімшілік өкілі және 2 сарапшы қатысады.

№46 "Балабақша-мектеп-гимназия" кешеніндегі "PASCH" жобасы



Жобаның нәтижелілігі



2.8-сурет



Материалдық-техникалық қамтамасыз ету бойынша мектепте неміс тілі кабинеті қызмет етеді, сондай-ақ 150 компьютер, 5 дана интерактивті тақта және 5 интерактивті панель жұмыс істейді. Педагогтер мен білім алушылардың жұмыс істеуі үшін мектепке оқу-әдістемелік кешендердің 24 жиынтығы берілген.

Жоба аясында мектеп педагогтерінен 55 адам 7 семинар мен 3 курсқа қатысқан, бұдан басқа 24 педагогтің қатысуымен 15 іс-шара өткізілген (2.8-сурет).

Жоба бойынша тәжірибе Нұр-Сұлтан қаласының 5 мектебінде (№46 БМГК, №№ 4, 41, 62, РФММ) таратылады, сондай-ақ мектеп Ақмола облысы Корнеевка ауылының мектебімен тікелей ынтымақтастық жүргізеді. Жобаны Германияның халықаралық ұйымы (CHANCE-Bildung, Jugend und Sport BJS gGmbH), сондай – ақ «Wiedergeburt» республикалық қоғамдық ұйымы сүйемелдейді.

Ағымдағы оқу жылында жобаның үшінші кезеңі орындалуда, барлық кезеңдер жоспарға сәйкес уақытылы жүзеге асырылуда. Білім алушылардың білім сапасынан оң динамиканы көруге болады. Жоба басында яғни, 2017 жылы білім сапасы 79% құраған, аралық бағалау диагностикасы 2020-2021 оқу жылында білім алушылардың білім сапасының 82% жоғарлағанын көрсетті, яғни 4 жыл ішінде 3% өсімнің болғанын байқауға болады.

#### ➤ **Ғали Орманов атындағы №7 МГ**

Жоба жетекшісі Носуль Зафира Маснавиевна. Бұл мектепте жоба 2013 жылдан 2023 жылға дейін 10 жылға енгізілген. Жоба қатысушылары ретінде негізгі орта білім беру деңгейінен барлығы бес сынып білім алушылары алынған (7Б, В, 8Б, В, 9Б, 9В сыныптары), жалпы қатысушылар саны - 60 білім алушы. Сондай-ақ жобаға 2 педагог, мектеп әкімшілігінен 2 өкіл және 2 сарапшы жұмылдырылған.

Жобаны іске асыруда материалдық-техникалық база ретінде неміс тілі және химия оқу пәндері бойынша жабдықталған оқу кабинеттері, ДК-1, 2 ноутбук, сондай-ақ 2 дана Германия мемлекетінің карталары және білім алушыларға арналған 100 дана оқу-әдістемелік кешендер пайдаланылады.

Жобаны іске асыру шеңберінде өткен 2020-2021 оқу жылында білім сапасының, 57%-дан 58%-ға көтерілгенін көруге болады, яғни 1% аздаған өсу динамикасы байқалады.

#### ➤ **№ 62 мектеп-лицейі**

Бұл жоба 2008 жылдан бері тұрақты түрде жүзеге асырылып келеді, жетекшісі Жақсыбаева Әмина Серікқызы. Жоба 7,10,11-сыныптарда әкімшіліктің 1 өкілінің қатысуымен жүзеге асырылады.

Техникалық ресурстар ретінде мектепте 112 ОӘК бар, 1 неміс тілі кабинеті жұмыс істейді. Сондай-ақ компьютер және ноутбукпен жабдықталған.

Жобаны іске асыру барысында 54 оқыту іс-шаралары өткізілген, оның ішінде 30 семинар, 8 курс және 26 басқа да іс-шаралар. Аталған іс-шараларға барлығы 64 педагог қатысқан. Сонымен қатар мектеп Гете институтынан бөлек,

Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетімен ынтымақтастық орнатқан.


Мектептің осы жобаға қатысуы «Неміс тілі» пәні бойынша 2008 (35%) – 2020 жыл (85%) аралықтарында білім сапасының өте үлкен өсу динамикасын көрсетеді, бұл көрсеткіш неміс тілінің қарқынды оқытылатынын куәландырады.

**«PASCH – Мектебі: болашақ серіктесі» жобасы бойынша қорытынды:**

«PASCH – Мектебі: болашақ серіктесі» жобасы 3 мектепте жүзеге асырылады, бұл Нұр-Сұлтан қаласындағы мектептердің жалпы санының 3% құрайды, жобаны іске асыру 2008 жылдан басталады.

Жобаға 18 педагог, әкімшіліктің 8 өкілі, 4 сарапшы, 885 білім алушы тартылған.


Мектептерде жоба 154 дана компьютермен жабдықталған 4 кабинетте, 5 интерактивті тақта, 5 интерактивті панель негізінде жүзеге асырылады. Педагогтер мен білім алушылар үшін 236 дана ОӘК, 2 Германия картасы ұсынылған.



2.9-сурет

Педагогтер үшін семинар, курс және басқа да оқыту іс-шараларынан барлығы 79 шара өткізілген. Мектептер бір халықаралық және 3 республикалық ұйыммен ынтымақтастық орнатқан. Мектептердің тәжірибесі 6 (Нұр-Сұлтан қаласы бойынша - 5, Ақмола облысы бойынша - 1) басқа білім беру ұйымдарында таратылған (2.9-сурет).


## "Школа: партнер будущего" жобасын іске асыру



2.10-сурет

Жоба қатысушылары туралы барлық үш мектеп бойынша ақпарат диаграммада келтірілген (2.10-сурет).

## "Школа: партнер будущего" жобасын іске асыру шеңберінде білім алушылардың білім сапасын диагностикалау



2.11-сурет

2.11-суреттен білім алушылардың «Неміс тілі» оқу пәні бойынша білім сапасына оң әсерін тигізетінін көруге болады. Білім сапасының өсу динамикасы 18% құраған, яғни оң нәтиже. Бұл көрсеткіш жоба білім алушылардың ынтасын арттыруға ықпал етеді, сондай-ақ неміс тілін оқытуда және жобаға қатысушылардың оны оқып-үйренуде тиімді нәтижелер береді деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Жобаның нәтижелілігіне және педагогтер мен білім алушылар тарапынан қызығушылықтың болуына байланысты «Мектеп: болашақ серіктесі» жобасы

тұрақты түрде ұзақ мерзімде 5 жылдан 10 жылға дейін іске асырылады. Бұл факт осы жобаның тиімділігін көрсетеді.

Сонымен қатар, мектеп білім алушылары мен түлектері тек оқуға түсу кезінде ғана емес, сондай-ақ «неміс тілі» оқу пәні аясында өткізілетін түрлі зияткерлік олимпиадалар мен байқауларда да жақсы нәтижелер көрсетеді. Бұдан олардың коммуникативтік құзыреттіліктерінің де қалыптасып жатқандығын байқауға болады.


## **2. GLOBAL SCHOLARS**

«Global scholars» жобасы 2017 жылдан бастап Нұр-Сұлтан қаласында жүзеге асырылуда, білім беру ұйымынан жекелеген қаржылық шығындарды талап етпейді және білім беру ұйымының жұмыс оқу жоспарының вариативтік компоненті арқылы іске асырылады.

**Жобаның мақсаты** – ақпарат алмасу желісін құру арқылы жаһандық қалаларды біріктіру.

«Global Scholars» жоба бағдарламасы 10-13 жас аралығындағы білім алушыларды тегін ағылшын тілін оқытуға бағытталған. Білім алушылар жобалар жасап, жасаған жұмыстарын басқа елдердегі өз қатарластарының алдында онлайн режимінде ұсынады. Бұл ағылшын тілін тереңірек үйренуге, интерактивті білім беру бағдарламаларын игеруге, басқа қалалар, елдер және олардың мәдениеті туралы білуге мүмкіндік береді.

**"Global Scholars" халықаралық жобасы туралы мәліметтер**



2.12-сурет


Жобадан күтілетін нәтиже сөйлеу әрекетінің 4 түрінде коммуникативтік дағдыларды, жобалық дағды, зерттеу қызметін, сыни ойлау, цифрлық сауаттылық дағдыларын дамыту болып табылады. Жобаға Нұр-Сұлтан қаласының 23 мектебі қатысады. Жобаны іске асыру мерзімін білім беру ұйымының өзі айқындайды (2.12-сурет).

➤ **№ 6 гимназия**

№6 Г жобада бірінші жыл жұмыс істейді. Жобаны іске асыру бойынша екі басшы бекітілді – Шестак Е.С., Власова М. Ю., жобаға 7-сыныптан 20 білім алушы қатысады. Гимназия әкімшілігінен жобаға 2 қатысушы енгізілді.

Жобаның материалдық қамтамасыз етілуі, 2 оқу кабинеті (шетел тілі, информатика), 8 бірлікте компьютер, интерактивті тақта және ОӘК (мұғалімге арналған нұсқаулық, оқушыға арналған жұмыс дәптері) арқылы жүзеге асырылады (2.13-сурет).

Бұл жобаны Global Scholars халықаралық ұйымы сүйемелдейді. Жобаны іске асыру шеңберінде 2 педагогтің қатысуымен 7 вебинар және 5 сессия өткізілді. Білім алушылардың білім сапасының диагностикасы көрсетілмеген.



2.13-сурет

#### ➤ **№46 «Балабақша-мектеп-гимназия» кешені**


Жоба 2019-2020 оқу жылынан бастап жүзеге асырылуда. Бұл мектепте жобаға 23 адамнан тұратын 6-8 сынып білім алушылары, 2 педагог және мектеп әкімшілігінен 3 адам қатысады.

Материалдық ресурстары «Global Scholars» ұйымы ұсынған ОӘК, 1 кабинет, 10 компьютер, 2 интерактивті тақта болып табылады.

Онлайн режимінде мектеп педагогтері (5 адам) жоба үйлестірушілеріне арналған педагогтің кәсіби дамуының 6 міндетті сессиясынан өтті.

№46 БМГК Пекин (*Қытай*), Баффало (*АҚШ*), Форт-Лодердейл, Джексонвилл (*АҚШ*), Хайдерабад (*Үндістан*), Мадрид (*Испания*), Ресифи (*Бразилия*) қалаларының білім беру ұйымдарымен халықаралық ынтымақтастықты жүргізеді:

Жобаға кірудегі және аралық аттестаттау кезіндегі білім сапасы сәйкесінше 79% және 82% құрады. Яғни білім сапасының 3% өскенін көруге болады (2.14-сурет).




2.14-сурет

### ➤ № 5 гимназия

№5 Г «Global scholars» жобасы 2019 жылы іске асырыла бастады және 2022 жылға дейін жалғасады. Жоба жетекшісі Хасанова Г.Ж. Бұл жоба үш сыныпта (6 г, д, 7а) 39 білім алушымен жүзеге асырылады. Жобада 3 педагог, 1 әкімшілік өкілі жұмыс істейді. Материалдық-техникалық база ретінде 3 кабинет, 1 зертхана және бір оқу-әдістемелік кешені алынған.

Мектеп педагогтері (үш адам) 4 семинар және 5 оқу курсынан сондай-ақ сүйемелдеуден өтті (2.15-сурет). Білім алушылардың білім сапасы туралы диагностикасы көрсетілмеген.



2.15-сурет

### ➤ № 4 мектеп-гимназия


Жоба көрсетілген білім беру ұйымында 2019 жылдан 2021 жылға дейін жүзеге асырылуда. Жобаның қатысушылары 6 «А» сынып білім алушылары болып табылады, ондағы білім алушылар саны 25 адам. Жобаға Г.Саурикова,

И.Абдыгаликова деген педагогтер жетекшілік етеді және 1 әкімшілік өкілі сүйемелдейді.

Жоба аясында 6 семинар өткізілді. Бұл жобада Нью-Йорк қаласының мектептерімен, сондай-ақ республикалық деңгейдегі Павлодар, Қарағанды, Қостанай қалаларының білім беру ұйымдарымен ынтымақтастық жүргізіледі.

Жобаны іске асыру барысында жобаға қатысушы білім алушылардың білім сапасы 80% және 87% көрсетті. Білім сапасының өсу динамикасы 7% құрады (2.16-сурет).

#### Білім сапасының өсу динамикасы



2.16-сурет

#### ➤ Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектеп


Жоба 2018 жылдан бастап 2021 жылға дейін 4 жыл бойы іске асырылуда. Осы жоба бойынша 3 адам жетекшілік етеді: Садирбекова Жанат, Түсіпханова Айнұр, Тасболат Айғаным. Жобаға 5-7 сыныптардан 20 білім алушы қатысады. Жобаны жоғарыда аталған педагогтер жүзеге асырады.

Материалдық-техникалық ресурсты 24 компьютер мен 2 интерактивті тақтасы бар 2 информатика кабинеті құрайды.

Жоба аясында 7 семинар өткізіліп, оған 20 педагог қатысты.

Жобаны іске асыру кезінде білім сапасының өсу динамикасы + 40% көрсетті, яғни 2018-2019 оқу жылында 60%, 2020-2021 оқу жылында 100% (2.17-сурет).

#### Үлгерім сапасының өсу динамикасы



2.17-сурет

➤ **№74 мектеп-гимназиясы**

Бұл жоба 2018 жылдан бастап 5 «Ә», 6 «Б» сыныптарының 30 білім алушымен жүргізілуде. Жоба үйлестірушілері және жетекшілері ретінде Исмаилова Сандуғаш Аманбайқызы, Нұрланова Айзере Нұрланқызы алынған. Мектеп әкімшілігінен жобаны 1 өкілі үйлестіреді.

Жоба барысында педагогтердің (3 адам) қатысуымен 4 оқыту семинары өтті.

Білім сапасының көрсеткіші 50%-дан 60%-ға дейін өсу динамикасын көрсетеді, алайда жоба нәтижелері бойынша мектеп білім сапасын 70% дейін арттыруды жоспарлап отыр.

➤ **№ 10 мектеп-гимназиясы**

Мектеп жобаға 2017 жылдан бастап қатысады, жоба 2021 жылға дейін 4 жылға есептелген. Жоба жетекшісі Мұханова Назымгүл Құмарқызы. Жобаға 7 «В» сыныбының 21 білім алушысы қатысады. Жобаны 3 әкімшілік мүшесі үйлестіреді.

Материалдық-техникалық база ретінде 12 компьютермен жабдықталған, 1 интерактивті тақтасы бар 2 кабинет (информатика, ағылшын тілі) алынған.

Жобаға қатысушы педагогтер оқыту семинарлары арқылы өздерінің кәсіби құзыреттіліктерін арттырады. Жоба басталғаннан бері 16 семинар өткізілген, оған 16 педагог қатысты. Мектеп осы жоба аясында Назарбаев Зияткерлік мектептерімен ынтымақтастық жүргізеді.

Жоба басқа елдердің білім алушыларымен электронды E-classroom арқылы диалогқа қатысуға мүмкіндік береді, білім сапасына оң әсер етеді, +18% өсу динамикасын көрсетеді (60% - 78%).

➤ **№ 66 мектеп-лицейі**

Жобаны іске асыру 2021-2022 оқу жылында басталды. Жоба 7-9 сыныптар арасында жүзеге асырылуда. Жоба аясында 60 іс-шара өткізілді, оның ішінде: 5 семинар, 15 курс, 40 басқа да іс-шара.

Жобаның басында білім алушылардың білім сапасының кіріс диагностикасы 52% құрайды.

➤ **№ 3 мектеп-гимназия**

Жоба жетекшілері Сармантаева Салтанат Еркеновна, Серикова Айгерим Кайыргельдиновна. Жоба 2019-2021 жылдар аралығында 3 жыл ішінде жүзеге асырылуда, жобаға 5 «А» сыныбының 30 оқушысы қатысады. Жоба 2 педагогтің, 1 әкімшілік өкілінің, 2 шақырылған сарапшы және басқа білім беру ұйымнан бір өкілдің көмегімен жүзеге асырылады.

Жобаның материалдық-техникалық қамтылуы 14 бірлік құралдар және 2 кабинет, 20 дана оқу-әдістемелік кешендер қарастырылған.

Педагогтерді оқыту үшін 8 семинар, 8 біліктілікті арттыру курсы өткізілді. Мектеп Нұр-Сұлтан қаласының мектептерімен жоба бойынша және республика бойынша 2 мектеппен ынтымақтастық жүргізеді. Сонымен қатар, Үндістан, Тайвань, Қытай жалпы білім беретін мектептерімен ынтымақтастық жүргізілуде. Жоба жоспарына сәйкес кезең-кезеңмен жүзеге асырылады.



Жобаға кіру сәтінде білім алушылардың білім сапасының кіріс диагностикасы 50%, 2020-2021 оқу жылында - 55% құрады, яғни білім сапасының 5% өсуі байқалады.

➤ **№ 71 мектеп-лицейі**

Бұл жоба 2020-2023 жылдар аралығында 3 жыл мерзімде жүзеге асырылуда. Жоба жетекшісі Қартбағамбетова Марал Қойбақовна, жобаға 6-7 сыныптың 15 оқушысы қатысады. Мектеп әкімшілігінен жобаға 2 өкіл жетекшілік етеді.

Материалдық-техникалық жағынан 8 бірлік компьютерлік жабдық, 1 информатика кабинеті, ОӘК 5 данасымен қамтылған. 10 педагогтің қатысуымен 3 оқыту семинары өткізілді.

Жоба аясында 6 педагогтің қатысуымен 2 іс-шара өткізілді. Жоба бойынша өз тәжірибесін Франция, АҚШ мектептерімен бөлісті. Екі республикалық ұйыммен ынтымақтастық жүргізілуде.

Білім алушылардың білім сапасы жоба басында және аралықта 80% және 100% көрсетті, яғни білім сапасының өсу динамикасын көруге болады + 20%.

➤ **№ 26 мектеп-гимназия**

Жоба жетекшісі - Серікханқызы Ақбота, жобаға 5-6 сыныптардан 25 білім алушы қатысады. Жоба 2019 жылдан 2021 жылға дейін 3 жылға есептелген.

Кіріс диагностикасы 70%, аралық - 75% көрсетеді. Білім сапасының тұрақты динамикасы байқалады.

➤ **Ш. Құдайбердиев атындағы № 56 мектеп-лицей**

Жобаның жетекшісі – Уйсимбаева С.А. Жоба 2020 жылдан басталып 2024 жылға дейін жопарланған. Жобаға 6-7 сынып білім алушыларынан 15 білім алушы қатысады. Жобаны 2 педагог, 1 әкімшілік өкілі, 2 шақырылған сарапшылар сүйемелдеп, жетекшілік жасайды.

Материалдық-техникалық ресурс ретінде тиісті жабдықтары бар информатика кабинеті қолданылады (15 компьютер). Педагогтер мен білім алушылар үшін жоба бағдарламасынан, электрондық ресурстардан (бейнематериалдар, басшылық) тұратын ОӘК жиынтығы ұсынылған.

Жоба басталған сәтте білім алушылардың білім сапасының көрсеткіші 50%, аралық диагностика 57% құрады, бұл 7% өсу динамикасын көрсетеді.

➤ **№ 83 мектеп-гимназиясы**

Аталған мектепте бұл жоба 2019 жылдан бастап және 20 білім алушының қатысуымен жүзеге асырылуда. Жобаға тоғыз оқыту іс-шарасынан өткен 5 педагог қатысады.

Білім сапасының өсу динамикасы 11% құрады, яғни 2019 жылы 50%, 2021 жылы 61% көрсетті.

➤ **№ 38 мектеп-лицейі**

Жоба 2019 жылдан бастап 3 жыл бойына 2022 жылға дейін жүзеге асырылады деп жоспарланған. Жоба жетекшісі - Сералина Айнагуль Науановна, жобаға 6-7 сыныптың 20 білім алушысы қатысады.. Жобаны 6 педагог және 3 сыртқы сарапшы үйлестіреді.

Жобаға 2 кабинет және 1 ағылшын тілі зертханасы алынған. Педагогтер 15 оқыту іс-шарасынан өтті. Білім сапасының өсу динамикасы көрсетілмеген.

➤ **№ 73 мектеп-лицейі**

Бұл жобаға мектеп 2019 жылдан бастап қатысады, жоба 2022 жылға дейін 3 жылға есептелген. Жобаны іске асыру 6-сыныптарда 170 білім алушының қатысуымен жүргізіледі. Жобаға 10 педагог, 1 әкімшілік өкілі және 1 сырттан сарапшы тартылған. Жобаның барлық қатысушылары яғни барлық педагогтер 10 іс-шара көлеміндегі оқыту іс-шараларынан өтті.

Мектептің материалдық-техникалық базасы жобаны іске асыру шарттарына сәйкес келеді, ол үшін тиісті жабдықтары (12 компьютер) бар 2 кабинет ұсынылған.

Бүгінгі күні, жобаның іске асырылуына қарамастан, 6-сыныптарда білім сапасының 62,41% - дан 52,31% - ға дейін төмендеуі байқалады, яғни төмендеу динамикасы 10,1% құрайды. Теріс динамиканың болуы жоба шеңберінде жұмысты күшейту керек екендігін көрсетеді.

➤ **№ 72 мектеп-лицейі**

Жоба № 72 мектеп-лицейінде 2019 жылдан бастап 2022 жылға дейін 3 жыл мерзімінде жүзеге асырылуда. Жобаға 7-сыныптың 20 білім алушысы және 2 педагог қатысады. Сондай-ақ жетекші ретінде әкімшіліктің екі өкілі жұмылдырылған.

Жобаны тиімді іске асыру үшін білім алушыларға 20 дана ОӘК жиынтығы берілген, мектеп жоба қатысушыларын қажетті компьютерлік жабдықтармен және кабинеттермен қамтамасыз етеді. Жоба аясында педагогтер 9 оқыту іс-шараларынан өтті, оның ішінде 5 семинар, 2 курс және басқа да 2 іс-шара.

Жобаның орындалуы білім беру ұйымының білім сапасына оң әсерін тигізген. Білім сапасы 2019 жылы 50%, 2020 жылы 62% көрсетті. Өсу динамикасы +12% құрайды.

➤ **№ 17 мектеп-гимназия**

Бұл жобаға мектеп 2016 жылдан бастап 2022 жылға дейін қатысады. Жоба 5 жылға есептелген. Жоба жұмысы 6-сыныптың 30 білім алушысымен өткізіледі. Педагогтер мен білім алушылар үшін электронды оқулықтар ұсынылған. Білім алушылардың білімінің сапасы көрсетілмеген.

➤ **№ 53 мектеп-лицейі**

Жоба 5Д, 6Д, 7Е сыныптарында жүзеге асырылған, барлығы 15 білім алушы және 3 педагог қатысқан. Жоба 2020-2021 оқу жылына тек бір жыл жүзеге асырылған. Білім сапасы жоба басында 62,1%, соңында 67% құраған. Бұл көрсеткіш жобаның білім сапасына оң әсерін тигізетінін көрсетеді, өсу динамикасы 4,6%.

➤ **№ 60 мектеп-лицейі**

Жоба 2020-2021 оқу жылында 2 педагогтің қатысуымен 7-сыныптың 20 білім алушысымен жүзеге асырылған. Жоба аясында педагогтер үшін 12 іс-шара өткізілген, педагогтер мен білім алушылар үшін 3 ОӘК жиынтығы ұсынылған. Материалдық база жобаны іске асыру шарттарына сәйкес келеді.

Білім алушылардың білім сапасын өсу динамикасы 5% құраған, яғни 50%-дан 55%-ға дейін өскен.

➤ **№ 76 мектеп-лицейі**

Жоба осы мектепте 2018 жылдан бастап 2021 жылға дейін 3 жылға жоспарланған. Жобаны іске асыруға 2 сынып, яғни 5 және 6 сыныптар (60 білім алушы), 2 педагог және 1 сарапшы қатысады. Білім сапасының диагностикасы көрсетілмеген.

➤ **№81 «Astana English School» мамандандырылған гимназиясы**


Жоба 2018 жылы басталды, жоба мерзімі 4 жыл, ағымдағы оқу жылында аяқталады. Бұл жобаға гимназияда 2 сынып қатысады 8 «А» және 8 «Б», қатысушы білім алушылар саны 15, жоба жетекшілері – Садыкова Г.А., Иманғали Т.Б. Жобадағы педагог саны жалпы 2 адам, оны біреуі мұғалім, екіншісі мектеп әкімшілігінің өкілі. Материалдық техникалық база жобаны өткізу шарттарына сәйкес, яғни 10 компьютермен, 1 интерактивті тақтамен жабдықталған информатика кабинеті. Жоба аясында ОӘК-нің 1 жиынтығы ұсынылды. Жобаны сапалы жүзеге асыру үшін педагогтер 12 оқыту іс-шарасына, оның ішінде 5 семинар, 5 курсқа, басқа да 2 іс-шараға қатысты. Жоба аясында гимназия Блумберг қайырымдылық қорымен (Нью-Йорк қ.), Павлодар, Көкшетау, Талдықорған қалаларының НЗМ ынтымақтастық жүргізеді. Білім сапасының динамикасы 2018 жылдан бастап, 2021 жылға дейін төмендемейтін тұрақты өсуді көрсетеді: 40% - 55%, 65% - 75%.

**«GLOBAL SCHOLARS» жобасы бойынша қорытынды**

Жоба 23 орта білім беру ұйымында жүзеге асырылуда. Мониторинг үшін 20 мектеп ақпарат ұсынды, 3 орта білім беру ұйымы жоба бойынша ақпараттар бермеді.

Алынған ақпаратқа сәйкес жоба 2016-2021 жылдар аралығында әртүрлі мерзімде жүзеге асырылады деп қорытынды жасауға болады (2.18-сурет).

**Жобаның мерзімі туралы мәліметтер**




2.18-сурет

Талдау нәтижесі негізінде жобаға 2016 және 2017 жылдары 5%, 2018 жылы 15%, 2019 жылы 45%, 2020 жылы 20%, 2021 жылы 10% мектеп қатысатындығы анықталды.

Жобаға барлығы 53 педагог, 618 білім алушы, 19 әкімшілік өкілі және 3 сыртқы сарапшы қатысқан (2.19-сурет).


### Жобаға қатысушылар туралы мәліметтер



2.19-сурет

Білім алушылардың білім сапасының диагностикасы кіріс және аралық диагностика кескінінде көрсетілді. Жобаға қатысушы мектептердің басым көпшілігінде білім сапасы өсуінің оң динамикасы анықталды, тек бір мектеп (№73 МЛ) бойынша теріс динамика байқалды. Диаграммада (2.20-сурет) кіріс және аралық диагностика кезінде білім сапасының орташа пайызы көрсетілген, сондай-ақ білім сапасының өсу және төмендеу динамикасы анықталған.

### Білім сапасы туралы мәліметтер



20-сурет

2.

Диаграмма деректеріне сүйене отырып, кіріс диагностикасы кезіндегі білім сапасының орташа көрсеткіші 60%, аралық диагностика кезінде – 72%, сондай-ақ төмендеу бойынша кіріс диагностикасы 62%, аралық диагностика -

53% құрайтынын көруге болады. Өсу динамикасы 12%, ал төмендеу динамикасы 9% құрайды, тиісінше көрсеткіштердегі айырмашылық 3%.

Бұл жоба ағылшын тілін үйрену арқылы зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған. Жалпы, жоба «ағылшын тілі» пәні бойынша білім алушылардың білім сапасын арттыруға ықпал етеді, сондай-ақ ақпарат алмасудың жаһандық желісін құру арқылы басқа елдерден өз қатарластарымен қарым-қатынас кезінде коммуникативтік дағдыларын дамытады.


### **3. «CISCO» жобасы**

**«Cisco» желілік академиясының жобасы** 2018 жылдан бастап жүзеге асырылуда. Бұл курстың **мақсаты** – оқу-тәрбие үдерісіне желілік технологияларды енгізу. Бұл интерактивті курс АТ-маманы ретінде жұмыс істеу үшін қажетті дағдыларды дамытуға көмектеседі. Курс аяқталып, емтихан тапсырғаннан кейін оқушылар **«Cisco»** академиясының халықаралық сертификатын алады.

Жобаны іске асыру мерзімін білім беру ұйымының өзі айқындайды. Жоба вариативті компонент арқылы іске асырылады.

Жобаны сапалы жүзеге асыру және сүйемелдеу үшін білім беру ұйымдарының педагогтері 2018 жылдан бастап «ШАГ» компьютерлік академиясында біліктілікті арттыру курстарынан өтті (оқыту құны 1 педагог үшін 70 000 теңге), содан кейін оларға нұсқаушылардың сертификаттары және оқыту порталын қолдану мүмкіндігі берілді. 2021 жылдан бастап Қазақ инфокоммуникация академиясы педагогтерді оқытумен айналысады (1 педагог үшін оқу құны 45 000 теңгені құрайды). Жобаны іске асыру аясында қаржылық шығындар тек педагогтерді оқытуға жұмсалды.

**"CISCO" ЖА жобасына қатысу туралы мәліметтер**



2.21-сурет

Бұл жобаға 28 білім беру ұйымы, оның ішінде 27 орта білім беру ұйымы және 1 көлік және коммуникация колледжі қатысады (2.21-сурет).


➤ **Т. Айбергенов атындағы № 16 орта мектебі**

Бұл жоба 2018-2019 оқу жылынан бастап 2020-2021 оқу жылына дейін үш жылға жоспарланған, жобаға қатысушылары 5 педагог және 8-сынып білім алушылары болып табылады. Білім алушылар саны 110.

Жобаның материалдық-техникалық базасы 1 кабинет, 15 компьютер, 1 интерактивті тақта және 10 ОӘК. Жобаға қатысушы педагогтер жиыны 8 оқыту іс-шарасынан өткен.

Жоба үш кезеңнен тұрады, барлық кезеңдер жоспарға сәйкес өтті. Жобаға қатысушы – білім алушылардың білім сапасы бойынша оң динамиканы көрсетті. Динамика 2019 жылдан бастап (75%) 2021 жылға дейін (81%) +6 % өсті (2.22-сурет).

**"Cisco " жобасы аясындағы білім алушылардың үлгерім сапасының динамикасы**



2.22-сурет

### ➤ **С. Мәуленов атындағы №37 мектеп-лицейі**

Бұл мектепте жоба 2019-2020 оқу жылынан бастап 2023-2024 оқу жылына дейін 4 жылға есептелген. Жобаға 1 мұғалім қатысады, ол жоба жетекшісі болып табылады және 1 әкімшілік өкілі, сонымен қатар 11-сыныптар, бірақ білім алушылар саны көрсетілмеген.

Жобаның материалдық-техникалық базамен қамтамасыз етілуі 1 кабинет және 1 зертхана арқылы жүзеге асырылады.

Жоба аясында педагог 4 іс-шараға қатысты. Оның ішінде 3 семинар және 1 біліктілікті арттыру курсы. Мектеп «Шаг» ЖА халықаралық ұйымымен ынтымақтастық жүргізеді.

Жобаның бастапқы кезеңінде, яғни 2019-2020 оқу жылында білім сапасы 58% құрады, аралық диагностика кезінде 2% жоғарлаған яғни, 60% (2.23-сурет). Соңғы диагностика 2023-2024 оқу жылында анықталады.



2.23-сурет

➤ **№ 4 мектеп-гимназия**

Жоба 9 «А» сыныбында жүзеге асырылған. Жетекшісі - Омаров М. Мектеп әкімшілігінен 1 өкіл қатысады.

Жоба аясында 5 іс-шара өткізілді (4 семинар, 1 біліктілікті арттыру курсы).

Білім алушылардың білім сапасы жоба басында 81%, аралық диагностикада 86% көрсетті. Білім сапасының өсу динамикасы 5% құрады (2.24-сурет).



2.24-сурет

➤ **№ 25 орта мектебі**

Жоба жетекшісі – Шыршықбаева Дана Алтынбекқызы. Жобаға 24 білім алушы қатысқан.

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету заманауи талаптарға толық сәйкес келеді және тиісті жабдықтары бар STEM зертханасында жүзеге асырылады.

Білім алушылардың білім сапасының динамикасы тұрақты 100%.

➤ **№ 3 мектеп-гимназия**

Жоба жетекшісі Абдулова Альфия Гиниятулловна. Бұл мектепте жоба 2020 жылдан бастап, 2022 жылға дейін 3 жылғы мерзімге енгізілген. Жобаға 10-сыныптан екі сынып алынған. Екі сыныптан барлығы 60 білім алушы қатысады.

Материалдық-техникалық ресурстар 15 компьютермен жабдықталған 1 информатика кабинеті және білім алушыларға арналған 60 дана ОӘК болып табылады.

Педагогтер жоба аясында 2 семинар және 2 біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Жобаның кезеңдері жоспарға сәйкес жүзеге асырылған.

2019-2020 оқу жылынан бастап білім алушылардың білім сапасы 40% 2020-2021 оқу жылына дейін 68% көтерілген, яғни өсу динамикасы + 28% құрайды.

#### ➤ **№ 5 гимназия**

Жоба жетекшісі Р.Ж. Стамкулов болып табылады және 1 жылға (2021 жыл) енгізілген, 14 бірлік компьютермен жабдықталған информатика кабинеті базасында 10 сыныптың 13 білім алушысы осы жобаға тартылған.

Мектеп ағымдағы оқу жылында жобаға кіргендіктен, оқыту іс-шаралары өткізілген жоқ. Білім алушылардың білім сапасы көрсетілмеген.

#### ➤ **Шәкәрім атындағы №56 мектеп-лицей**

Жоба жетекшісі С.А. Уйсимбаева болып табылады, жобаға 10-сыныптың 15 білім алушысы қатысады, сондай-ақ 1 педагогтің, 1 әкімшілік өкілінің, 1 сарапшының қатысуымен жүзеге асырылады.

Жобаны іске асыру үшін мектептің материалдық-техникалық ресурстары пайдаланылады (15 бірлік компьютер жабдығы бар информатика кабинеті). Педагог пен білім алушылар ОӘК ретінде жоба бағдарламасын, электрондық ресурстарын қолданды.

Кіріс диагностикасындағы білім сапасының көрсеткіші 55%, аралық диагностика кезінде 60% құрады, бұл білім алушылар білімінің 5%-ға өскенін көрсетеді.

#### ➤ **№ 59 мектеп-лицей**

Жобаның жетекшісі және бірлескен жетекшісі болып Омиржанова Г.Н., Шайзадина Е. М. белгіленген. Жоба 2018 жылы бастама алған және 4 жыл мерзіміне жоспарланған. Жоба үш сыныпта 205 білім алушының, 3 педагогтің және 1 әкімшілік өкілінің қатысуымен жүзеге асырылады. Жоба аясында 3 оқыту семинары өтті, семинарға тек жоба аясындағы педагогтер ғана емес, қосымша басқа да 12 педагог қатысты.

Жобаның материалдық-техникалық базасы 1 информатика кабинеті, STEM-зертханасы, 7 компьютер, 5 интерактивті тақта арқылы іске асыруға мүмкіндік береді.

Жобаның тиімділігін кіріс диагностикасы көрсетеді, ол 2018 жылы 35% құрады, 2020 жылғы аралық диагностика 42% көрсетті. Яғни +7%-ға өсу динамикасы байқалады.

#### ➤ **Ғ. Қайырбеков атындағы №2 мектеп-гимназиясы**

Жоба осы мектепте 10,11-сыныптардан алынған 30 білім алушымен жүзеге асырылады, жобаға 2 педагог қатысады, жетекшісі - Батырханова Мәншүк Абдыламитовна.

Мектепте материалдық-техникалық ресурстар ретінде 12 бірлік компьютерлік жабдықтары бар информатика кабинеті белгіленген.



«Информатика» оқу пәні бойынша білім алушылардың білім сапасы жоба басында 65%, аралық диагностикада 69% көрсетті. Өсу динамикасы 4% құрады.

➤ **№ 34 орта мектебі**

Бұл жоба № 34 орта мектепте 2018 жылдан бастап жүзеге асырылуда, ол 2022 жылға дейін 4 жылға есептелген. Жобаға 10-сынып (20 білім алушы), 1 педагог қатысады. Материалдық-техникалық база барлық талаптарға сәйкес келеді, педагог үшін 2 оқыту семинары өткізілді. Білім сапасының диагностикасы көрсетілмеген.

➤ **№ 84 мектеп-лицей**

Жобаға 8-сыныптан 20 білім алушы қатысады. Жобаның жетекшісі және қатысушысы Қазбек Елнұр болып табылады, ол жоба шеңберінде 2 іс-шараға қатысты.

Информатика кабинеті және 20 бірлік компьютерлік жабдық жобаның материалдық-техникалық базасын құрайды. Білім алушылардың білім сапасы көрсетілмеген.

➤ **№ 14 мектеп-гимназия**

Аталған мектепте жоба 2018 жылдан бастап іске асырылуда, ағымдағы оқу жылында жобаға 10 білім алушы (10-сынып) қатысады. Жобаның жетекшісі және тікелей қатысушысы Балтабек Ердәулет Сабирханұлы.

Техникалық ресурстар ретінде тиісті компьютерлік жабдықтары бар информатика кабинеті қызмет етеді. Білім сапасының өсу динамикасы көрсетілмеген.

➤ **№ 63 мектеп-гимназия**

Жоба 2017 жылдан бастап 2022 жылға дейін 4 жыл мерзімге жоспарланған, жоба жұмысына 9-сыныптың 50 білім алушысы және 3 педагог қатысады. Білім сапасының өсу динамикасы +15%-ды көрсетті, яғни 2017 жылы 60%, 2021 жылы 75%.

➤ **№ 83 мектеп-гимназия**

Бұл мектеп 2019 жылдан бастап 30 білім алушыдан тұратын 2-ші сыныптардың қатысуымен жүзеге асырылуда. Жобаға 2 педагог және 3 әкімшілік өкілі жетекшілік етеді. Материалдық база жобаны іске асыру шарттарына сәйкес келеді, зияткерлік ресурс 7 іс-шара көлемінде өткізілген оқыту семинарлары болып табылады.

Жобаны іске асырған сәттен бастап өте жоғары өсу қарқынын байқауға болады, яғни +22% көрсетеді. Білім сапасы жоба аясында 49% және 71% көрсетті.

➤ **№ 38 мектеп-лицей**

Бұл жобаға мектеп 2019 жылдан бастап 2021 жылға дейін қатысады және 3 педагог пен 10-сыныптың 10 білім алушысы арқылы жүзеге асырылады.

Мектептің материалдық базасы жобаның қажеттіліктерін қанағаттандырады, 2 информатика кабинеті мен зертхана жұмыс істейді. Жобаға қатысушы педагогтер 5 оқыту іс-шарасынан өтті. Білім сапасының диагностикасы көрсетілмеген.

➤ **№ 31 мектеп-гимназия**

Жоба №31 мектеп-гимназиясында 9-11 сыныптар арасында 30 білім алушымен жүзеге асырылуда. Жобаны Ферстер Наталья Евгеньевна, сондай-ақ әкімшіліктің 1 өкілі және 1 шақырылған сыртқы сарапшы сүйемелдейді, қадағалайды. Жоба 2021 жылдан бастап 3 жыл мерзімінде жүзеге асырылуда. Білім сапасының кіру диагностикасы 50%-ды құрайды. Материалдық база жобаны іске асыру шарттарына сәйкес келеді, яғни тиісті жабдықтары бар информатика кабинеті (19 компьютер).

➤ **№ 53 мектеп-лицей**

Жоба бір оқу жылы ішінде 2020-2021 оқу жылында жүзеге асырылды, 9, 10-сыныптар арасынан 50 білім алушы қатысты.

Жобаны іске асыруға сертификат жасау және оны шығару үшін ішкі қаржы ресурстары пайдаланылды (жұмсалған сома мөлшері 70 мың т.).

Мектеп «ШАГ» академиясымен ынтымақтасады. Кіріс диагностикасы 80%, білім сапасының соңғы диагностикасы 85% құрайды, бұл 5%-ға өсу динамикасын куәландырады.

➤ **№ 27 мектеп-лицей**

Жобаға 9 сыныптың 99 білім алушысы мен 2 педагог қатысады. Жоба 2018 жылдан 2021 жылға дейін 3 жылға есептелген. Білім сапасының динамикасы көрсетілмеген.

➤ **№ 1 мектеп-лицей**

Бұл жобаға № 1 мектеп-лицей 2018 жылдан 2021 жылға дейін қатысады, іске асыру мерзімі 3 жылға есептелген. Жобаға 10,11-сыныптар (278 білім алушы), 2 педагог, 1 әкімшілік өкілі, 2 сарапшы қатысады. Жоба аясында педагогтер 3 оқыту іс-шарасынан өтті, мектептің материалдық базасы жобаны іске асыру шарттарына сәйкес келеді. Білім сапасының кіріс динамикасы 53%, аралық-78%, яғни өсу динамикасы 25% құрады.

➤ **№ 60 мектеп-лицей**

Бұл жобаға мектеп 2016 жылдан бастап 2021 жылға дейін 5 жыл мерзімінде қатысады деп жоспарлаған. Жобаға 4 педагог, 1 әкімшілік өкілі, сондай-ақ 7-11 сыныптардың 80 білім алушысы тартылған. Педагогтер үшін 12 оқыту іс-шаралары өткізілді. Жобаның материалдық базасы 3 информатика кабинетін және 62 компьютерлік жабдықты құрайды. Жобаға басындағы кіру диагностикасы 50%, аралық диагностика 60% құрайды, яғни өсу динамикасы +10% көрсетеді.

➤ **№ 72 мектеп-лицей**

Мектеп жобаға 2019 жылдан бастап, 2021 жылға дейін 3 жыл мерзімінде қатысады. Жобаға 10-11 сыныптан 80 білім алушы мен 3 педагог алныған, жобаға әкімшіліктің 2 өкілі жетекшілік етеді, жобаны 1 сыртқы сарапшы сүйемелдейді.

Жоба аясында педагогтер ОӘК-нің 20 жиынтығын алды, сонымен қатар 9 оқыту іс-шарасынан өтті. Жобаның материалдық базасы 3 кабинетті, 23 бірлік компьютерлік жабдықты құрайды.

Кіріс диагностикасы 40%, аралық диагностика 80%, өсу динамикасы +40% көрсетеді.

### ➤ Жоғары көлік және байланыс колледжі

Жоба 2019 жылдан бастап мерзімсіз негізде жүргізілуде. Жоба жетекшісі – Бабаева Шолпан Мухамадиева. Жоба «Радиоэлектроника және байланыс», «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» топтарында 55 студенттің қатысуымен іске асырылады.

Техникалық ресурстар ретінде 101 компьютермен жабдықталғын 2 кабинет қызмет етеді.

Жоба шеңберінде 4 оқыту іс-шарасы өткізілді, колледж 5 білім беру ұйымдарында өз тәжірибесін көрсетті. Сондай-ақ студенттерді жыл сайын Cisco жеке бағдарламалары бойынша оқытуға қатысады.

Жоба аясында кіріс және аралық диагностика арасындағы айырмашылық 9%, кіріс кезінде 53%, аралық диагностика кезінде 62% құрайды. Оң өсу динамикасын байқалады.

### «CISCO» халықаралық жобасы бойынша қорытынды

Осы жоба бойынша бастапқы деректер 22 білім беру ұйымынан алынды. Бұл жоба 2016 жылы іске асырыла бастады. 22 білім беру ұйымының мәліметтерінен жобаға кіру мерзімі 2016 жылдан бастап ағымдағы 2021 жылға дейін ауытқиды (2.25-сурет).




2.25-сурет

Талдау нәтижелеріне сәйкес білім беру ұйымдарының бастапқы деректері бойынша іске асырылған сәттен бастап қазіргі уақытқа дейін жобаға қатысушылардың пайыздық мөлшері анықталды. 2016 және 2017 жылдары жобаға қатысушылардың 4,5%, 2018 және 2019 жылдары «CA CISCO» жобасына 32%, 2020 және 2021 жылдары орта білім беру ұйымдарының 13,6% кірді.

Келесі диаграммада білім сапасы, яғни кіріс және аралық диагностиканың орташа көрсеткіші және жоба іске асырылған сәттен бастап ағымдағы оқу жылына дейін 12% өсу серпіні көрсетілген (2.26-сурет).

## Білім сапасының динамикасы туралы мәліметтер (%)



2.26-сурет

Диаграммалар жоба шеңберінде білім сапасының кіріс диагностикасы кезіндегі орташа көрсеткіш 60%, аралық диагностика кезінде - 72% құрайтынын көрсетеді. Тиісінше білім алушылардың білім сапасының жоғарлауы байқалады.

Қазіргі әлемде компьютерді білу, интернетпен, түрлі бағдарламалармен жұмыс істеу дағдылары өте қажет, сондықтан бұл «CA CISCO» жобасының іске асырылуы өзекті болып табылатындығын куәландырады.

### **4. SHARE**

**«SHARE» жобасы** - бұл 2019 жылғы 1 қыркүйектен бастау алған білім беру саласында зерттеу жүргізуге арналған мектептердің бірлестігі.

**Мақсаты:** педагогтердің зерттеу қызметі нәтижесінде анықталған мәселелер бойынша менеджмент пен оқытуға өзгерістер енгізу арқылы оқыту сапасын арттыру.

#### **Міндеттері:**

- конкурстық іріктеу арқылы жобаға қатысатын мектептерді анықтау;
- мектептердің зерттеу қоғамдастығын құру;
- зерттеу бағыттарын анықтау;
- қызметті сүйемелдеуді жоспарлау және үйлестіру.

Жобаны іске асыру барысында Кембридж университетінің Білім беру факультетінің басшылығымен, Кембридж мектептерімен жұмыс жоспарланған.

Кембридж және Нұр-Сұлтан қалалары педагогтерінен құрылған командалар бірлесіп зерттеу жүргізіп, ақпарат алмасып, өз қызметін мектептердің тәжірибесін жақсартуға бағыттайды.

Мектеп директорлары үшін оқыту семинарларын өткізу жоспарлануда, жоба үйлестірушілері Кембридждің жетекші мектептеріне барады, зерттеу жүргізу бойынша персоналға арналған тренингтерден өтеді. Жұмыс соңында Нұр-Сұлтан қаласында халықаралық конференция өтеді.

Жоба 2019-2020 оқу жылынан бастап үш жылға есептелген. Жобаға 21 орта білім беру ұйымы қатысады. Жоба нәтижесі Action Research жүргізу арқылы оқу және оқыту тәжірибесін жақсарту болып табылады.

Жоба 21 орта білім беру ұйымында іске асырылуда, бюджет қаражаты арқылы қаржылық шығындарды талап етеді, оны Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі 165 471, 73 фунт стерлинг сомасында төлейді.

Мектептер бойынша жобаны іске асыру мерзімдері (2.27-сурет):

✓ 2019 жылы: № 37 МЛ, №58 МГ, № 59 МЛ, № 67 Г, № 76 МЛ;

✓ 2020 жылы: № 50 МЛ, № 53 МЛ, № 56 МЛ, № 66 МЛ, № 70 МЛ, № 72 МЛ, № 73 МЛ, № 74 МГ;

✓ 2021 жылы: № 27 МЛ, № 35 МЛ, № 60 МЛ, № 62 МЛ, № 65 МЛ, № 68 МГ, № 77 МГ, № 91 МГ, № 2 АТМИ.



2.27-сурет

Жобаны іске асыру мерзімдері жоспарға сәйкес уақытылы орындалуда, әрбір кезең бір жыл ішінде іске асырылады:

1. Жобаны енгізу туралы ақпараттандыру, жобаны енгізу үшін жағдай жасау, еріктілер тобын құру/Орындалды

2. Еріктілер тобын кеңейту, каскадты оқыту әдісі/Ішінара орындалды

3. Мұғалімнің сыныптағы тәжірибесінде зерттеу жүргізу/Орындалуда.

Жобаны сүйемелдейтін халықаралық ұйым Кембридж Университеті болып табылады, Республика аясында Назарбаев Зияткерлік мектебімен мектебімен ынтымақтастық жүргізілуде.

#### **Жобадан күтілетін нәтиже:**

□ Педагогтердің кәсіби дамуы мен зерттеу әлеуетін арттыру (сабақты жоспарлау дағдыларын жақсарту, оқыту дағдыларын дамыту, жеке өзін-өзі дамыту)


□ Коллаборативтілікті дамыту және өз тәжірибесінің нәтижелерін тарату

□ Зерттеу жүргізу білім алушылардың жетістіктеріне оң әсерін тигізеді (сабаққа қатысуды жақсарту, өзін-өзі бағалау мен сенімділікті арттыру)

➤ **С. Мәуленов атындағы №37 мектеп-лицей**

Жоба жетекшісі Тулеуова К.Д. бекітілген. Жобаға 30 педагог және 1-11 сынып білім алушылары (35 білім алушы) қатысты. Жобаны әкімшіліктің 2 өкілі сүйемелдейді (2.28-сурет). Педагогтер 12 вебинар мен зерттеушілер курсынан өтті.

**SHARE жобасы бойынша өткізілген іс-шаралар мен қатысушылар туралы ақпарат**



2.28-сурет

➤ **I. Жансүгіров атындағы №58 мектеп-гимназиясы**

Жоба жетекшісі С.Б. Нугуманова болып табылады, жоба бастауыш білім беру деңгейінде 2 «Ә» сыныбында, негізгі орта білім беру деңгейінде 7 «Д», 8 «Ғ» сыныптарында іске асырылады, білім алушылар саны – 76. Жобаға 36 педагог, мектеп әкімшілігінің 7 өкіл және шақырылған 29 сарапшы қатысты.

Материалдық-техникалық ресурс қызметін 40 компьютер жабдығы атқарады. Жоба аясында 2019 жылдан бастап 28 педагогтің қатысуымен 3 семинар және 2 біліктілікті арттыру курсы өткізілді (2.29-сурет).



2.29-сурет

➤ **Райымбек батыр атындағы №50 «Қазғарыш» мектеп-лицейі**

Мектеп жобаға 2020 жылы кірді. Жобаның үйлестірушісі – Иманқұлова Рабиға Ташкенбайқызы, жобаның қатысушылары 5, 9, 10-сыныптар, барлығы

72 оқушы. Мектеп педагогтерінен жобаға 20 адам, 2 әкімшілік мүшесі, сондай-ақ 1 шақырылған сарапшы қатысады.

Жобаны іске асыру барында материалдық-техникалық тұрғыда қамтамасыз етілген үш кабинеттің (химия, ағылшын тілі, математика), 2 зертхананың базасында жүргізіледі. Білім алушылар мен педагогтердің пайдалануы үшін 20 компьютер және 3 интерактивті тақта ұсынылған. Педагогтер мен білім алушылар үшін 20 дана көлемінде ОӘК ұсынылған.

Жобаны іске асыру барысында 2020 жылдан бастап 68 педагогтің қатысуымен оқыту семинарлары, вебинарлар, сессиялар тәрізді 6 іс-шаралар өткізілген.

#### ➤ **Шәкәрім атындағы №56 мектеп-лицей**

Бұл мектеп жобаға 2020 жылдан бастап, үш жыл мерзімде қатысады. Жобаның жетекшісі – Байгазиев Р.Ф. Жоба 6-сыныпта 15 мұғалімнің, 2 білім алушының, 2 сарапшының, 1 әкімшілік өкілінің қатысуымен жүзеге асырылады.

Материалдық ресурстар ретінде 15 бірлік жабдығы бар шет тілі кабинеті тартылған.

#### ➤ **№ 66 мектеп-лицей**

Жоба 2019 жылдан бастап жүзеге асырылуда. Жоба жетекшісі-Жумадилова Маржан Ержанқызы. Мектеп педагогтері Action research сапалы өткізу мақсатында дағдыларын жетілдіру үшін 3 білім алушыны іріктеп алды: 1 білім алушы кіші буыннан, 2 білім алушы жоғары буыннан. Жобаға 15 педагог, 3 әкімшілік өкілі және 2 сарапшы қатысқан.

Жоба 185 компьютерлік жабдықтары бар, сондай-ақ тиісті жабдықтармен қамтамасыз етілген химия, биология, физика кабинеттерінің және зертханалардың көмегімен іске асырылады.

Жоба жұмысы барысында жобаның барлық қатысушылары 10 оқыту вебинарына қатысты.

#### ➤ **№ 59 мектеп-лицей**

Мектеп бұл жобаға 2019 жылдан бастап 90 педагогтің, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейіндегі 217 білім алушының қатысуымен жүзеге асырылуда. Жоба жетекшісі - Жакишева М. К., әкімшілік тарапынан сүйемелдеу – әкімшіліктің 3 өкілі, сондай-ақ 2 сыртқы сарапшылар арқылы жүреді.

Жобаны іске асыру барысында және жоба аясында қатысушы педагогтер 28 оқыту іс-шарасынан өтті, оған 90 педагог қатысты.

Жобаны іске асыру кезінде материалдық-техникалық тарапты 75 бірлік компьютерлік және интерактивті жабдығы бар 2 кабинет және 5 зертхана қамтамасыз етеді.

Жоба аясында мектеп Назарбаев Университетімен ынтымақтасады.

#### ➤ **№74 мектеп-гимназия**

Бұл мектеп жобаға 2020 жылы енді. Жоба жетекшісі - Исмаилова Сандуғаш Амантайқызы. Жоба 20 педагогтің, әкімшіліктің 10 өкілі және 2 шақырылған сарапшылардың қатысуымен жүзеге асырылады.

Жобаны іске асыру жылы ішінде 20 педагогтің қатысуымен 12 оқыту іс-шарасы өтті. Мектеп педагогтері Action research сапалы өткізу мақсатында дағдыларын жетілдіру үшін: 1 бастауыш білім беру деңгейінен, 1 орта негізгі білім беру деңгейінен.

➤ **№№27,35,60,62,65,68,77,91, №2 АТМИ**

Аталған білім беру ұйымдары жобада 2021 жылдың қыркүйегінен бастап SHARE 3-тобында жұмыс істей бастады. Мектептердің әрқайсысында негізгі 5 қатысушы іріктелді, оның құрамына 3 пән мұғалімі және әкімшіліктің 2 өкілі, сондай-ақ 2 сыртқы сарапшы кірді. Бүгінгі таңда 9 білім беру ұйымынан тұратын топ Кембридж университетінің Білім беру факультетінің профессорларынан іс-әрекеттегі практиканы зерттеу бойынша оқытудан өтуде.

➤ **№ 67 гимназия**

Жоба 2019 жылдан бастап бастауыш және негізгі орта білім беру деңгейлерінің 12-сыныптарындағы 337 білім алушы және 91 педагогтің, әкімшіліктің 3 өкілінің және 2 сыртқы сарапшының қатысуымен іске асырылуда.

Мектептің материалдық-техникалық базасы жобаларды іске асыру шарттарына сәйкес келеді, оның шеңберінде жобаға қатысушылар үшін тиісті кабинеттер мен зертханалар (34), сондай-ақ компьютерлік жабдық (111 компьютер) ұсынылады.

Жобаға қатысушы педагогтер жобаны тиімді іске асыру үшін оқыту іс-шараларынан өтті (43).

➤ **№ 73 мектеп-лицей**

Бұл мектеп 2020 жылдан бастап жобада. Жобаның қатысушылары білім берудің барлық деңгейлерінен тартылған 270 қатысушыдан тұратын 4 сынып болып табылады. Жобаға 15 педагог, 3 әкімшілік өкілі және 15 сыртқы сарапшы қатысқан. Жобаға қатысушы педагогтер жоба аясында оқыту іс-шараларынан өтті, оның ішінде 10 семинар мен вебинарлар, 5 курс, 10 басқа да іс-шаралар.

Жоба материалдық-техникалық ресурстар ретінде 2 кабинет және 2 зертхана, сондай-ақ 18 бірлік компьютерлік құралдармен қамтамасыз етілген.

➤ **№ 53 мектеп-лицей**

Жобаны іске асыру 2020 жылдан 2023 жылға дейін 3 жылға есептелген. Жобаға 3 білім алушы, 15 педагог, 3 әкімшілік өкілі және 2 шақырылған сарапшы қатысады. Педагогтер 20 оқыту іс-шарасынан өтті. Жобаны іске асыру үшін мектептің жабдықталуы жоба шарттарына сәйкес келеді.

➤ **№ 76 мектеп-лицей**

Жоба 2019 жылдан бастап 2022 жылға дейін 3 жыл мерзімінде жүзеге асырылуда. Жобаға 7-сынып (30 оқушы) білім алушы, 50 педагог, 7 әкімшілік мүшесі, 2 шақырылған сарапшы қатысады. Жоба аясында 16 оқыту іс-шарасы өткізілді, педагогтер ОӘК-нің 20 жиынтығын алды, мектептің материалдық базасы жобаны іске асыру шарттарына сәйкес келеді.

➤ **№ 72 мектеп-лицей**




Мектеп жобаға 2020 жылдан 2022 жылға дейін, 3 жыл мерзімінде қатысады. Жобаға 3 сыныптан 30 (5-сынып) білім алушы, 15 педагог, әкімшіліктің 4 өкілі, 1 сыртқы сарапшы, қатысады. Жоба аясында педагогтер 25 оқыту іс-шарасынан өтті.

**«SHARE» жобасы бойынша қорытынды**

Жобаға қатысу ынтымақтастықты кеңейтуге мүмкіндік береді, педагогтердің зерттеу мәдениетін, құзыреттілігін арттырады, жалпы мектептің, педагогтердің, білім алушылардың табыстылығын дамытуға оң ықпал етеді.

**Білім сапасының орташа көрсеткіші және өсу динамикасы туралы мәліметтер**



2.30-сурет

2020 жылы SHARE-1 негізгі командаларының жетекші-зерттеуші педагогтері SHARE-2, SHARE-3 командаларының педагогтерін оқытатын желілік үйлестірушілердің құрамына таңдалды. Желілік үйлестірушілер жобаны іске асыру аясында жаңа топтарда білімді игеру процесін бақылайды, қатысушыларға кері байланыс береді және тәжірибелерімен бөліседі, проблемалық мәселелер бойынша кеңес береді.

SHARE жобасының желілік үйлестірушілері НЗМ және WALS халықаралық конференцияларында тәжірибелерімен белсенді түрде бөліседі.

Жобаға 2019 жылы алғашқылардың бірі болып кірген мектептердің білім сапасының диагностикасын талдай отырып, жоба динамикаға оң әсер етеді деп айта аламыз (2.30-сурет).

Болашақта жобаны мектептерде оқыған үйлестірушілер мен еріктілердің күшімен іске асыруды жалғастыру қажет.

**5. ІВ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАКАЛАВРИАТ**

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша авторизациялауға 6 білім беру ұйымы қатысады: №73 РҮР, №81 РҮР балабақшалары; № 66 РҮР, № 73 РҮР, № 81 МҮР, № 85 МҮР мектептері.

РҮР – бастапқы жылдар бағдарламасы;

МҮР – орта жас бағдарламасы;

DP – дипломдық бағдарлама.

**Жобаның мақсаты** - авторизация процесі мектепке және мектепке дайындық мәдениетін насихаттауға бағытталған, бұл мектептерге авторизация процесінің кезеңдерін қанағаттанарлық аяқтауға негізделген дайындық кестесін анықтауға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда №№ 66,73,81,85 мектептер Халықаралық бакалавриат бойынша кандидатурасын растады. Мектептің әрбір үйлестірушісіне 20 сағаттық қашықтықтан кеңес беретін кеңесші бекітілген.

➤ **№ 81 «Әсемгүл» балабақшасы**

Бұл жоба 3 жылға есептелген, іске асыру 2019 жылдан 2022 жылға дейін жоспарланған. Жоба жетекшісі Шаймерденова Зауреш Накыповна. Жоба балабақшаның барлық топтарында 298 тәрбиеленушінің, 25 педагогтің, 3 әкімшілік өкілінің, 3 шақырылған сарапшылардың қатысуымен жүзеге асырылады.

Материалдық-техникалық ресурстар 14 компьютер, 6 интерактивті тақта сияқты жабдықтар болып табылады.

Педагогтер мен тәрбиешілердің біліктілігін арттыру үшін жоба шеңберінде 7 оқыту іс-шарасы өткізілді, оның ішінде 2 семинар, 3 курс, 2 басқа да іс-шара.

Жоба басталғаннан бері тәрбиеленушілердің білім сапасы 3% көтерілген, кіріс диагностикасы 55%, аралық диагностика 58% көрсетті.

➤ **№ 66 мектеп-лицей**

Жобаны Жукешбаева Жанна Унирбековна басқарады. Жобаны іске асыру 1-4 сыныптарда жүргізіледі. Жоба 2019-2020 оқу жылында басталды.

Жобаны іске асыру үшін педагогтердің біліктілігін арттыру ретінде семинарлар, вебинарлар, курстар және басқа да іс-шараларды қамтитын 102 іс-шара өткізілді.

➤ **№ 73 мектеп-лицей**

Бұл жоба бастауыш білім беру деңгейіндегі сыныптарда 1193 білім алушының қатысуымен жүзеге асырылады. Жобаға 31 педагог, әкімшіліктің 2 өкілі, шақырылған 6 сарапшы қатысады.

Жоба 2019 жылдан бастап 2021 жылға дейін 3 жыл мерзімінде жүзеге асырылуда және белгілі бір қаржылық салымдарды талап етеді (6,670 млн.т.).

Жобаны тиімді іске асыру үшін педагогтер бірқатар оқыту іс-шараларынан өтті, оның ішінде 28 семинар мен вебинар, 25 біліктілікті арттыру курстары және 3 басқа да іс-шаралар. Мектеп жобаны кабинеттер (4) және жабдықтар (34) түрінде тиісті материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз етті.

Жобаға кірген сәттен бастап білім алушылардың білім сапасы 2019 жылы 83,39%, 2020 жылы 89,06% құрады. Өсу динамикасы +5,6% көрсетті.

➤ **№81 «Astana English School» мамандандырылған гимназиясы**

Бұл жобаға мектеп 2018 жылдан бастап қатысады. Қаржылық қамтамасыз ету ішкі ресурстардан жүзеге асады және келесі сомаларды құрайды:

2018 ж.- 13 963 978 млн.тг.,

2019 ж. – 58 422 545 млн.тг.,

2020 ж. – 90 809 545 млн.тг.

Жобаға қатысушылар саны 417 адам болатын 5-9 сынып білім алушылары, педагогтер – 63, әкімшілік – 8 адам, жобаны 3 сыртқы сарапшы сүйемелдейді.

Материалдық-техникалық база ретінде 2 кабинет (химия, биология), 2 зертхана (химия, биология), 56 компьютер мен 25 интерактивті тақта қолданылды, 200 дана ОӘК ұсынылды.

Педагогтер 6 оқыту іс-шарасын, оның ішінде 2 семинар мен 4 біліктілікті арттыру курсы өтті.

Жоба аясында гимназия Washington Academy халықаралық ұйымымен және НЗМ ынтымақтастық орнатқан. Жоба келесі кезеңдерге сәйкес жүргізіледі:

- 2018-2019 оқу жылы – ІВ бағдарламасына кандидат,

- 2019-2020 оқу жылы – авторизация,


- 2020-2021 оқу жылы – авторизациядан өту.

### **«ІВ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАКАЛАВРИАТ» жобасы бойынша қорытынды**

Елорданың 6 білім беру ұйымында жоба бастапқы жылдар (РҮР), орта жас (МҮР) бағдарламалары бойынша оқытуға есептелген (2.31-сурет).

Талдау нәтижесіне сәйкес, диаграммада бастапқы жылдар бағдарламасы бойынша жобаға білім беру ұйымдарының 66,6% кіргенін көруге болады, оның ішінде балабақша 33,3% және мектеп 33,3% құрайды, орта жас бағдарламасы бойынша мектептердің 33,3% жұмыс істейді.


#### **Оқыту бағдарламалары бойынша білім беру ұйымдары туралы мәліметтер**



2.31-сурет

Берілген бастапқы мәліметтер бойынша білім алушылардың білім сапасын талдай отырып, өсу динамикасы бойынша келесі 2.32-суретте көрсетілген өзгерісті көруге болады.

### Үлгерім сапасының орташа көрсеткіші және өсу динамикасы туралы мәліметтер



2.32-сурет

2.32-суреттегі диаграммадан тәрбиеленушілер мен білім алушылардың білім сапасынан өсу динамикасының 4,5% құрайтыны байқалады, бұл осы жобаның нәтижелілігін айғақтайды.

«ІВ, Халықаралық бакалавриат» жобасы педагогтерге, тәрбиеленушілер мен білім алушыларға ағылшын тілі бойынша білімдерін кеңейтуге, халықаралық стандарттар бойынша оқуға және болашақта әлемдік жоғары оқу орындарында білім алуға мүмкіндік береді.

#### **6. «Білім берудегі көшбасшылық» жобасы**

##### **➤ №86 мектеп-гимназия**

Бұл жобаға мектеп 2019 жылдан бастап 2021 жылға дейін қатысады, жобаға Назарбаев Университеті бастамашылық еткен. Жобаға 1-ден 11-ге дейінгі барлық сыныптардан жиыны 2 431 білім алушы қатысады. Жобаға 183 педагог, әкімшіліктің 10 өкілі кірді, жобаны үйлестіруді 9 сарапшы жүргізеді.

Жоба 4 кабинет (химия, биология, физика, STEM) және 3 зертхана (химия, биология, физика) базасында іске асырылады. Мұғалімдер 24 ОӘК жиынтығын пайдаланады.

Жоба бойынша оқыту мақсатында 57 педагогтің қатысуымен 28 оқыту іс-шарасы өткізілді. Мектеп осы жоба бойынша жұмыс тәжірибесін Нұр-Сұлтан қаласында 7 орта білім беру ұйымдарында, сондай-ақ Республика көлемінде де (16 мектеп) таратады, «Сорос» компаниясымен, Кембридж университетімен, Назарбаев Зияткерлік мектептерімен ынтымақтасады.

#### **7. «Жобалау-зерттеу қызметі шеңберінде негізгі және қосымша білім беруді интеграциялау» жобасы**

➤ «№47 балабақша - мектеп - гимназия» кешені осы халықаралық жобаны жүзеге асыруда, соның нәтижесінде Ресейдің білім беру ұйымдары: ТПУ, Ресей пединститутымен, Драгоманова атындағы Киев пединститутымен, Украина, Сібір мемлекеттік медицина университетімен, сондай-ақ отандық

білім беру ұйымдары: «Астана» Медицина Университетімен, Л. Гумилев атындағы ЕҰУ-мен ынтымақтастық орнатқан.

Жобадан күтілетін нәтиже мектеп-гимназияның интеграциялық білім беру кеңістігін құру, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту, кәсіби қызметті салмақтап, өз бетінше таңдай білу, кәсіби өзін-өзі анықтау болып табылады.

## **2.2. Нұр-Сұлтан қаласының білім беру ұйымдарында республикалық жобалардың іске асырылуын талдау**

ҚР БҒМ 2021 жылғы 27 тамыздағы № 18-1/907 бұйрығына сәйкес ағымдағы оқу жылында 6 орта білім беру ұйымдарында оқулықтар апробациялануда.

### **1. 2-сыныпқа арналған «Цифрлық сауаттылық» оқулығын апробациялау**

#### **➤ № 30 мектеп-гимназия**

Бастауыш білім беру деңгейінде «Цифрлық сауаттылық» оқу пәнін енгізу шеңберінде 2021-2022 оқу жылында аталған оқу пәні бойынша оқулықты апробациялауға №30 мектеп-гимназиясында 2-сынып білім алушыларынан 45 білім алушы қатысады. Апробация үшін 40 ОӘК жиынтығы алынды.

#### **➤ № 69 мектеп-гимназия**

Аталған мектеп 2020-2021 оқу жылында 1-сыныптарда «Әліппе», «Цифрлық сауаттылық» оқулықтарын апробациялау бойынша жобаларды іске асырған. Жоба 60 білім алушыдан тұратын 3-сыныпта жүзеге асырылды. Жобаға 5 педагог, 1 сыртқы сарапшы қатысқан. Жобаны іске асыру аясында педагогтер біліктілікті арттырудың 3 курсынан өтіп, 60 дана ОӘК жиынтығын алып пайдаланған.

#### **➤ № 8 мектеп-лицей**

«Цифрлық сауаттылық» оқулығының апробациясы осы мектепте 2021 жылдан бастап 1 жыл мерзімінде 2-сыныптарда жүргізіледі. Жоба 1 информатика кабинеті базасында 3 педагог және 45 білім алушының қатысумен жүзеге асырылады.

#### **➤ № 31 мектеп-гимназия**

Жоба үш екінші сыныптың (45 білім алушы, 1 педагог), 5 сыртқы сарапшының қатысуымен жүзеге асырылады. Апробация үшін 3 баспаның оқулықтары ұсынылған. Жобаны іске асырылуы 2021-2022 оқу жылының қыркүйек айынан басталған.

#### **➤ № 53 мектеп-лицей**

«Цифрлық сауаттылық» оқулығының апробациясына 2-сыныптардағы 60 білім алушы қатысады. Жоба 2021-2022 оқу жылында тиісті жабдықтармен жүзеге асырылады.

### **2. «Француз тілі», «Неміс тілі» оқулықтарын апробациялау**

#### **➤ № 17 мектеп-гимназия**

Аталған мектеп-гимназиясында 1-сыныптарда «Француз тілі» оқулығын апробациялау 40 білім алушы, 2 педагог және 1 сыртқы сарапшының қатысуымен жүзеге асырылуда.

Педагогтер мен білім алушыларға оқулықтан, жұмыс дәптерінен және педагогке арналған кітаптан тұратын тиісті ОӘК жиынтығы ұсынылған.

➤ **№ 31 мектеп-гимназия**

Бұл мектепте 2-сыныпқа арналған «Француз тілі» оқулығының апробациясы өтуде. Апробацияға 25 білім алушы, 1 педагог, 2 әкімшілік өкілі, 5 сыртқы сарапшы қатысады.

**3. 7-сыныптарда екі тілде оқытуға арналған «Химия», «Биология», «Физика» оқулықтарын апробациялау**

➤ **№ 9 «Зерде» мамандандырылған мектеп**

7-сыныпқа арналған «Биология» оқулығын апробациялау № 9 «Зерде» мектебінде 1 педагог, 1 әкімшілік мүшесі және 7-сыныптың 50 білім алушысының қатысуымен өткізіледі.

Апробация 1 биология кабинеті, 1 зертхана базасында жүргізіледі. ОӘК жиынтығына ағылшын және қазақ тілдеріндегі оқулық, ағылшын тіліндегі Textbook кіреді. Барлығы 10 оқулық және 13 Textbook ұсынылған. Апробация 1 ай көлеміне белгіленген.

➤ **№ 30 мектеп-гимназия**

Екі тілдегі «Химия», «Биология», «Физика» оқулықтарын апробациялауға үш 7-сыныптың 96 білім алушысы қатысады. «Химия» оқу пәні бойынша 12 ОӘК жиынтығы, физика пәні бойынша – 12, Биология пәні бойынша - 20 ОӘК жиынтығы ұсынылған.

➤ **№ 53 мектеп-лицей**

Аталған мектепте 4 педагог пен 74 білім алушының қатысуымен «Химия», «Биология», «Физика» оқу пәндерін екі тілде оқыту бойынша апробация жүргізіледі.



2.33-сурет

## **Оқулықтарды апробациялау жобалары бойынша қорытынды**

Республикалық жобаларға бірқатар пәндер бойынша оқулықтарды апробациялау жатады, бірақ бұл жоба білім алушылардың білімі сапасының өсу немесе төмендеу серпініне әсер етпейді. Осы жобаны іске асыру барысында оқулықтардың мазмұнын неғұрлым сапалы әзірлеу үшін апробацияланатын оқу пәндері бойынша оқу-әдістемелік кешенге сипаттама беріледі (2.33-сурет).

### **2.3. Нұр-Сұлтан қ. Білім беру ұйымдарында қалалық жобалардың іске асырылуын талдау**

Қалалық жобаларға 78 (34,5%) білім беру ұйымы, оның ішінде 1 түзету мектебі, 1 балалар үйі, 5 колледж (14,7), 72 (73%) орта білім беру ұйымы қатысады.

#### **1. «STEM» жобасы**

**Жобаның мақсаты** – ғылымды, технологияны, инженерия мен математиканы оқу процесіне интеграциялау.

2018 жылы оқу зертханалары алғаш рет ашыла бастады, олардың алғашқысы Нұр-Сұлтан қаласындағы № 41 мектепте пайда болды. Қазіргі уақытта 34 зертхана ашылды, оған 3 260 білім алушы қатысады. Жобаны іске асыру «Болашақ» президенттік стипендиясының түлектерімен және 2017 жылы ҚР БҒМ ұсынған оқу мен оқытудың әзірленген әдістемесімен жүзеге асырылады. Аталған оқыту бағдарламасы мен әдістеме отандық және ҚР БҒМ стандарттарына толық бейімделген болып табылады.


Елордалық білім алушылар жыл бойы республикалық және халықаралық деңгейдегі олимпиадаларға қатысады, онда қоғам үшін пайдалы озық және қолжетімді шешімдерді (көзі көрмейтін адамдарға арналған таяқ, мобильді мүгедектер арбасы, ақылды үй концепті, эко-жылыжай, физикалық мүмкіндіктері шектеулі адамдарға арналған нейро-модулятор) ойлап табады. Конкурстарда балалар жалпы сомасы 1 150 000 теңге болатын жүлделі гранттарға ие болды, ұтып алған қаржы сомасы әзірлемелерді дамытуға инвестицияланды.

STEM бойынша біліктілікті арттырудан елорданың 170-тен астам педагогі өтті.

Жақын арада Нұр-Сұлтан қаласының басқа мектептерінде тағы 52 зертхананың ашылуы жоспарлануда.

STEM қалалық жобасына қатысатын білім беру ұйымдарының саны диаграммада көрсетілген (2.34-сурет), диаграммада осы жобаға орта білім беру ұйымдарын және арнайы түзету мектеп-интернаттарын, балалар үйін қамтитын білім беру ұйымдарының 53% қатысатыны көрсетілген.

## Білім беру ұйымдарының жобаға қатысуы туралы ақпарат



2.34-сурет

### ➤ № 41 орта мектебі

STEM жобасы № 41 орта мектебінде 2019 жылдан бері тұрақты түрде жүзеге асырылып келеді. Жобаны іске асыру мерзімі 2019-2023 жылдар аралығы.

Жоба қатысушылары 8а, 8б, 8г сыныптары, 1 жетекші, 3 педагог, 30 білім алушы, 1 әкімшілік болып табылады.

Материалдық-техникалық ресурстар ретінде бір компьютер, бір интерактивті тақта, бір 3D-принтер, бес ноутбук және бір кабинет қолданылады. Сонымен қатар 1 модульдік станок, 5 арудино, 1 дрон, 15 робот лега қолданылады.

Жоба аясында 50 педагогтің қатысуымен 4 семинар өткізілген. Сондай-ақ қосымша 3 курс өткізілді, оған 3 педагог қатысты.

Қаржылық шығындар (демеушілік) 3 508 008 теңгені құрады.

### ➤ Міржақып Дулатұлы атындағы № 68 мектеп гимназиясы

«STEM» жобасына 8 «А», «Ә» сыныптарының білім алушылары қатысады. Жобаны іске асыру мерзімі 2021-2023 ж.ж. Жоба 3 кезеңнен тұрады. Берілген ақпаратқа сәйкес жобаның бірлескен жетекшілері Толқын Жақсылық және Мұздыбаев Дастан. Жобаға 2 педагог, 50 білім алушы, 3 әкімшілік және 2 сарапшы қатысқан. Жоба бойынша 50 педагогтің қатысуымен 2 семинар, 70 педагогтің қатысуымен 2 курс және 2 өзге де іс-шаралар ұйымдастырылған. Сонымен қатар, жоба аясында қаржылық шығындар қарастырылмағандығы анықталды.

Материалдық ресурстар ретінде 1 STEM және робототехника кабинеті, 10 ОӘК қолданылған. Жоба нәтижесі бойынша өз тәжірибелерімен қаладағы 53 жалпы орта білім беру ұйымдарында бөлісті.

Жоба аясында Білім беруді жаңғырту орталығымен ынтымақтастық орнатылған.

Білім алушылардың білім сапасы жоба басында 55%, аралықта 58% көрсетті.

### ➤ №36 орта мектебі



«STEM» жобасына 8-сыныптардың білім алушылары қатысады. Жобаны іске асыру мерзімі 2019-2021 ж.ж. Жоба 3 кезеңді қамтиды. Жоба жетекшілері Бекмагамбетова С.Ж. және Бутенко Н.В. Жобаға 4 педагог, 100 білім алушы, 1 әкімшілік қатысқан.

Жоба бойынша 30 педагогтің қатысуымен 3 семинар, 2 курс және 2 өзге де іс-шаралар ұйымдастырылған. Сонымен қатар, жоба аясында қаржылық шығындар қарастырылмағандығы анықталды.

Материалдық ресурстар ретінде 1 STEM лаборатория және кабинет қолданылған. Жоба нәтижесі бойынша өз тәжірибелерімен қаладағы 3 жалпы орта білім беру ұйымдарында бөлісті.

Жоба аясында Назарбаев зияткерлік мектебімен ынтымақтастық орнатылған.

Білім алушылардың білім сапасы жоба басында 50%, аралықта 53% көрсетті.

➤ **№ 64 мектеп-лицей**

«STEM» жобасына 7-8 сыныптардың білім алушылары қатысады. Жобаны іске асыру мерзімі 2019-2021 ж.ж. Жоба 3 кезеңді қамтиды. Жоба жетекшісі А.Бекботаева. Жобаға 3 педагог, 100 білім алушы, 1 әкімшілік қатысқан. Жобаға сарапшы тартылмаған.

Жоба бойынша 50 педагогтің қатысуымен 2 семинар ұйымдастырылған. Сонымен қатар, жоба аясында қаржылық шығындар бюджеттік қаражаттан жұмсалғаны анықталды (7 сыныпта 7 сағат).

Материалдық ресурстар ретінде 1 STEM кабинет, 10 компьютер және 1 интерактивті тақта қолданылған. Білім алушылардың білім сапасы көрсетілмеген. Жоба аясында Білім беруді жаңғырту орталығымен ынтымақтастық орнатылған.

➤ **№ 4 мектеп-гимназия**

«STEM» жобасына 8-сыныптардың білім алушылары қатысады. Жобаны іске асыру мерзімі 2019-2021 ж.ж. Жоба 3 кезеңді қамтиды. Жобаға 2 педагог, 45 білім алушы, 1 әкімшілік қатысқан. Жобаға сарапшы тартылмаған. Жоба бойынша 7 семинар, 1 курс ұйымдастырылған. Сонымен қатар, жоба аясында 2 889 000 мың теңге қаржылық шығындар анықталды.

2019 ж. – 933 000 мың теңге

2020 ж. – 933 000 мың теңге

2021 ж. – 1 023 000 мың теңге

Жоба аясында Білім беруді жаңғырту орталығымен ынтымақтастық орнатылған.

➤ **С. Мәуленов атындағы № 37 мектеп-лицейі**

«STEM» жобасының қатысушылары ретінде 6-сынып білім алушылары алынған. Берілген ақпаратқа сәйкес жобаға 1 жетекші, 4 педагог, 1 әкімшілік өкілі қатысқан. Білім алушылардың саны көрсетілмеген. Жоба аясында 1 курс өткізілген. Жоба бойынша қаржылық шығындар болғандығы туралы айтылған, бірақ шығын көлемін ашып көрсетпеген.

Материалдық ресурстар ретінде бір STEM кабинет, бір компьютер, бір интерактивті тақта, екі 3D-принтер және екі станок қолданылған.

Білім алушылардың білім сапасы жоба басында 58%, аралықта 60% көрсетті.

➤ **№ 71 мектеп-лицейі**

Берілген ақпаратқа сәйкес «STEM» жобасына 1 педагог, 15 білім алушы, 2 әкімшілік қатысқан.

Жоба аясында 4 семинар, 5 курс және 1 өзге де іс-шара өткізілген. Жоба бойынша қаржылық шығындар болмаған.

Материалдық ресурстар ретінде 1 STEM құралы, кабинет, лаборатория қолданылған.

Білім алушылардың білім сапасы жоба басында 68%, аралықта 76% көрсетті.

➤ **№ 84 мектеп -лицейі**

«STEM» жобасының қатысушылары 5-9 сынып білім алушылары болып табылады. Берілген ақпаратқа сәйкес жобаға 2 педагог, 500 білім алушы қатысқан.

Жоба аясында 5 семинар, 2 курс өткізілген. Жоба бойынша қаржылық шығындар болғандығы туралы ақпарат берілген, бірақ шығын көлемін ашып көрсетпеген.

Материалдық ресурстар ретінде 1 STEM кабинет, 25 құрал-жабдықтар, 25 ОӘК (УМК) қолданылған.

➤ **№ 82 «Дарын» мамандандырылған мектеп-лицейі**

Нұр-Сұлтан қ. №84 «Дарын» мамандандырылған мектеп-лицейі «STEM» иновациялық жобасымен жұмыс жасауда. Жобаны іске асыру мерзімі 2021-2023 ж.ж. 3 кезеңді қамтиды.

«STEM» жобасының қатысушылары 9-10 сынып білім алушылары. Берілген ақпаратқа сәйкес жобаға 2 педагог, 134 білім алушы және 2 әкімшілік қатысады.

Жоба аясында 2 семинар, 2 курс өткізілген. Жоба бойынша қаржылық шығындар болғандығы туралы ақпарат бойынша шығын көлемі 7 345 500 мың теңгені құраған.

Материалдық ресурстар ретінде 1 STEM кабинет, компьютерлер, интерактивті тақта, 3D-принтер және керекті құрал-жабдықтар қолданылған.

Білім алушылардың білім сапасы жоба басында 90%, аралықта 95% көрсетті.

➤ **№ 65 мектеп-гимназиясы**

«STEM» жобасы 2019 басталды. Жобаның қатысушылары 5-6 сынып білім алушылары. Берілген ақпаратқа сәйкес жобаға 2 педагог, 174 білім алушы және 1 әкімшілік өкілі қатысады.

Жоба аясында педагогтерге 1 семинар, 1 курс өткізілген. Материалдық ресурстар ретінде 1 STEM кабинеті, 10 компьютер және керекті құрал-жабдықтар қолданылған.

Білім алушылардың жоба басындағы және аралықтағы білім сапасы көрсетілмеген.

➤ **№ 59 мектеп-лицейі**

«STEM» жобасы өз жұмысын 2020 жылы бастады. Жобаның қатысушылары 5, 6, 7-сынып білім алушылары. Берілген ақпаратқа сәйкес жобаға 7 педагог, 135 білім алушы қатысады.

Жоба аясында 1 семинар және өзге де 65 іс-шара өткізілген. Материалдық ресурстар ретінде 1 STEM кабинеті, IT-кабинет, робототехника және керекті құрал-жабдықтар қолданылған.

№ 59 МЛ «STEM» жобасы 3 кезеңде жұмыс жасайды. Жоба аясында Нұр-Сұлтан қ. ІТУ ынтымақтастық орнатылған.

➤ **№ 15 мектеп-лицейі**

«STEM» жобасы өз жұмысын осы мектепте 2017 жылы бастады. Жобаның қатысушылары 5, 6, 7, 9-сыныптары. Берілген ақпаратқа сәйкес жобаға 3 педагог, 180 білім алушы қатысқан.

Жоба жұмысы барысында 3 оқыту курсы өткізілген. Материалдық ресурстар ретінде 1 STEM лаборатория, 10 компьютер, 2 интерактивті тақта, 2 кабинет және керекті құрал-жабдықтар қолданылған. Сонымен қатар, жоба аясында 5 868 800 мың теңге қаржылық шығындар болғандығы көрсетілген.

№ 15 МЛ «STEM» жобасы бойынша С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетімен ынтымақтастық орнатқан.

Білім алушылардың білім сапасы жоба басында 72% көрсетті.

➤ **№ 42 орта мектебі**

«STEM» жобасы өз жұмысын осы мектепте 2021 жылы бастады. Жобаның қатысушылары 5-9 сыныптары. Берілген ақпаратқа сәйкес жобаға 10 педагог, 75 білім алушы, 2 сарапшы және 4 әкімшілік өкілі қатысады.

Жоба жұмысы барысында 1 оқыту курсы өткізілген. Материалдық ресурстар ретінде 1 STEM лаборатория, 7 ОӘК (УМК) және керекті құрал-жабдықтар қолданылған.

№42 ОМ «STEM» жобасы бойынша Шеврон компаниясымен ынтымақтастық орнатқан.

Білім алушылардың білім сапасы жоба басында 49% көрсетті.

➤ **№ 27 мектеп-лицейі**

«STEM» жобасы 2018 жылы басталды. Жоба 3 кезеңнен тұрады. Жобаға бюджеттік есептен қаражат жұмсалмағаны анықталды. Жинаған ақпараттарға сәйкес жоба жұмысына 2 педагог және 450 білім алушы қатысады.

Педагогтерге жоба бойынша 2 оқыту курсы ұйымдастырылған және 1 кабинет қолданылған.

Жоба аясында Білім беруді жаңғырту орталығымен ынтымақтастық орнатылған.

Білім алушылардың білім сапасы жоба басында және аралықта да көрсетілмеген.

➤ **№ 73 мектеп-лицейі**

«STEM» жобасы өз жұмысын 2019 жылы бастады. Жоба 3 жылға жоспарланған. Жобаның қатысушылары 6 сынып білім алушылары. Берілген ақпаратқа сәйкес жобаға 1 педагог, 202 білім алушы, 2 әкімшілік және 6 сарапшы қатысады.

Жоба аясында 5 қалалық семинар, 2 курс және өзге де іс-шара өткізілген. Материалдық ресурстар ретінде 1 кабинет, 1 лаборатория, 8 ОӘК (УМК), 8 компьютер және 1 интерактивті тақта қолданылған. Жоба бойынша қаражат жұмсалмағаны анықталды.

Білім алушылардың білім сапасы жоба басында 55,6 %, ал аралықта 37,85 % көрсетті. Яғни, білім алушылардың білім сапасы төмендегенін көрсетіп отыр.

➤ **№ 53 мектеп-лицейі**

«STEM» жобасы өз жұмысын 2020 жылы бастады. Жоба 1 жылға жоспарланған. Жобаның қатысушылары 5-10 сынып білім алушылары. Берілген ақпаратқа сәйкес жобаға 3 педагог, 1120 білім алушы, 1 әкімшілік өкілі қатысқан.

Жоба аясында 2 қалалық семинар және 2 курс өткізілген. Материалдық ресурстар ретінде кабинет, ОӘК (УМК) және т.б. қажетті құралдар қолданылған. Жоба бойынша ішкі есептен қаражат жұмсалғаны анықталды.

Білім алушылардың білім сапасы жоба басында 6 %, ал аралықта 67% көрсетті.

➤ **№ 60 мектеп-лицейі**

«STEM» жобасы өз жұмысын 2018 жылы бастады. Жоба 3 жылға жоспарланған. Жобаның қатысушылары 8-9 сынып білім алушылары. Берілген ақпаратқа сәйкес жобаға 10 педагог, 100 білім алушы, 1 әкімшілік мүшесі қатысады.

Жоба аясында педагогтерге арналған 5 семинар және 1 оқыту курсы өткізілген. Материалдық ресурстар ретінде робототехника кабинеті, 10 компьютер, 1 проектор, 18 ОӘК (УМК) және т.б. қажетті құралдар қолданылған. Жоба бойынша бюджет есебінен қаражат жұмсалғаны анықталды, бірақ нақты көрсетілмеген.

Білім алушылардың білім сапасы жоба басында 2018 жылы 55%, ал аралықта 60% көрсетті.

➤ **Б. Майлин атындағы № 52 мектеп-гимназиясы**

«STEM» жобасына 8 сыныптарының білім алушылары қатысады. Жобаны іскер асыру мерзімі 2019-2022 ж.ж. Жоба 3 кезеңді қамтиды. Жоба жетекшісі Тайганов Даулет Тулеубаевич. Жобаға 15 білім алушы, 1 әкімшілік өкілі және 3 сарапшы қатысқан. Жоба бойынша 40 педагогтің қатысуымен 5 семинар, 3 курс және 4 өзге де іс-шаралар ұйымдастырылған. Сонымен қатар, жоба аясында қаржылық шығындар қарастырылмағандығы анықталды.

Материалдық ресурстар ретінде 4 STEM лаборатория, 24 компьютер, 1 интерактивті тақта және кабинеттер қолданылған. Жоба нәтижесі бойынша өз тәжірибелерімен қаладағы №63 және №64 орта білім беру ұйымдарында бөлісті.

Жоба аясында Білім беруді жаңғырту орталығымен ынтымақтастық орнатылған.

Білім алушылардың білім сапасы жоба басында 2019 жылы 30%, аралықта 32 % көрсетті.

➤ **№ 69 мектеп-гимназиясы**

«STEM» жобасы өз жұмысын 2019 жылы бастады. Жоба 3 жылға жоспарланған. Жобаның қатысушылары 8-сынып обілім алушылары. Берілген ақпаратқа сәйкес жобаға 2 педагог, 150 білім алушы, 1 әкімшілік өкілі және 2 сарапшы қатысқан.

Жоба аясында 1 семинар және 2 курс өткізілген. Материалдық ресурстар ретінде кабинет, компьютер, проектор, принтер, станок, дрон, 1 ОӘК (УМК) және т.б. қажетті құралдар қолданылған. Жоба бойынша қаражат жұмсалмағаны анықталды.

Білім алушылардың білім сапасы жоба басында анықталмаған.

➤ **Шейх Тамим бен Хамад Әл-Тани атындағы № 85 мектеп-лицейі**

Нұр-Сұлтан қ. № 85 МЛ 2019 жылдан бастап «STEM» инновациялық жобасымен жұмыс жасауда. Жобаны іске асыру мерзімі 2019-2021 ж.ж. 3 кезеңді қамтиды.

«STEM» жобасының қатысушылары 8, 9- сынып білім алушылары. Берілген ақпаратқа сәйкес жобаға 4 педагог, 169 білім алушы және 1 әкімшілік өкілі қатысады.


Жоба аясында семинар, курс және т.б. іс-шаралар ұйымдастырылмаған.

Материалдық ресурстар ретінде 2 STEM кабинет, 24 ноутбук, 2 интерактивті тақта, 10 ОӘК және керекті құрал-жабдықтар қолданылған.

Жоба аясында Білім беруді жаңғырту орталығымен ынтымақтастық орнатылған.

Білім алушылардың білім сапасы жоба басында 2019 жылы 52%, аралықта 68 % құраған. Білім сапасының көтерілгенін байқауға болады.

**ЖОБА ҚАТЫСУШЫЛАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР**



2.35-сурет

**«STEM» жобасы бойынша қорытынды**

Жоба 53 орта білім беру ұйымдарында жүзеге асырылуда.

Ұсынған ақпаратқа сәйкес жобаға 20 жалпы орта білім беру ұйымдарынан 67 педагог, 3 744 білім алушы, 24 әкімшілік өкілі және 15 сарапшы қатысқан (2.35-сурет). Талдау нәтижесі аталған жоба жалпы орта білім беру ұйымдарында 2017 жылдан 2021 жыл аралығында дейін әртүрлі мерзімде жүзеге асырылдығын көрсетті.

Білім алушылардың білім сапасының диагностикасы кіріс және аралық диагностика кезінде көрсетілді. Іс жүзінде барлық жалпы орта білім беру ұйымдарында білім сапасы өсуінің оң динамикасы анықталды, тек бір мектепте теріс динамиканы (*№73 мектеп-лицей білім алушыларының білім сапасы жоба басында 55,6 %, ал аралықта 37,85 %*) көрсетеді.

Жобаның нәтижелілігіне және педагогтер мен білім алушылар тарапынан қызығушылыққа байланысты «STEM» жобасын іске асырудың маңызы бар. Келешекте жалпы орта білім беру ұйымдарында жоба нәтижесінің тиімділігін көрсетеді.

## **2. «ОКОО: онлайн бағдарламалау мектебі» жобасы**


«Окоо» білім беру онлайн-платформасы информатиканы оқытуды дербестендіруге арналған жасанды интеллект алгоритмдерін ұсынады. Бағдарламалауды үйрете алатын және әлемнің кез-келген түкпірінде тәулік бойы әр білім алушыға қолжетімді виртуалды мұғалімі бар Платформа.

Кіріктірілген рейтинг жүйесінің арқасында білім алушылардың рейтингін объективті түрде анықтауға болады.

Әр білім беру ұйымы үшін ОКОО.kz платформасының жыл сайынғы қызмет көрсетуі және техникалық сүйемелдеуі – 696 000 мың теңгені құрайды.

«Окоо: онлайн бағдарламалау мектебі» жобасына 19 орта білім беру ұйымы қатысады, бұл жалпы білім беру ұйымдарының 20,4% құрайды (2.37-сурет).

### **Білім беру ұйымдарының жобаға қатысуы туралы мәліметтер**



2.36-сурет

### **➤ № 6 мектеп-гимназиясы**

ОКОО.KZ жобасы № 6 МГ 2019 жылдан бастап тұрақты түрде жүзеге асырылып келеді. Жоба қатысушылары 7-11 сынып білім алушылары. Жинаған ақпаратқа сәйкес бюджеттік есептен 696 000 мың теңге қаражат жұмсалған.

Жобаға 4 педагог, 1 әкімшілік өкілі және 799 білім алушы қатысады. Жобаны іске асыру барысында педагогтерге арналған 2 семинар өткізілген және ресурс ретінде 36 компьютер мен 2 кабинет қолданылған. Жоба жоспарға сәйкес жүзеге асырылуда.

7-11 сынып білім алушыларының білім сапасын диагностикалау 81%-дан 93%-ға дейін жоғарылағанын көрсетеді, бұл жобаның нәтижелілігіне мысал бола алады.

➤ **Мәшһүр Жүсіп атындағы № 57 орта мектебі**

ОҚОО.КЗ жобасының қатысушылары №57 ОМ 5-11-сынып білім алушылары. Жоба мектепте 2019 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін жұмыс жасауда. Жобаға 5 педагог және 1000 білім алушы қатысқан.

Жобаны іске асыру барысында 48 компьютер, 4 интерактивті тақта және 4 кабинет қолданылған. Жоба жұмысы бойынша 5 педагогтің қатысуымен 6 семинар өткізілді.

5-11 сынып білім алушыларының білім сапасын диагностикасы 100% көрсетті, яғни жобаның тиімді оң әсері бар екендігін куәландырады.

Жобаны іске асыру мерзімі жоспарға сәйкес орындалуда.

➤ **Міржақып Дулатұлы атындағы № 68 мектеп-гимназиясы**

«Оқоо» жобасына 5-10-сынып білім алушылары қатысады. Жобаны іске асыру мерзімі 2021-2023 ж.ж. Жоба 3 кезеңнен тұрады. Берілген ақпаратқа сәйкес жобаның жетекшісі Мошке Сапаргул. Жобаға 5 педагог, 100 білім алушы, 3 әкімшілік өкілі және 2 сарапшы қатысқан. Жоба бойынша 50 педагогтің қатысуымен 5 семинар, 70 педагогтің қатысуымен 2 курс және 2 өзге де іс-шаралар ұйымдастырылған.

Материалдық ресурстар ретінде 4 информатика кабинеттері, 20 ОӘК (УМК) қолданылған. Жоба нәтижесі бойынша өз тәжірибелерімен қаладағы 19 жалпы орта білім беру ұйымдарында бөлісті. Білім алушылардың білім сапасы жоба басында 55%, аралықта 58% көрсетті.

➤ **№ 84 мектеп -лицей**

«Оқоо» жобасының қатысушылары 5-11 сынып білім алушылары. Берілген ақпаратқа сәйкес жобаға 3 педагог, 1200 білім алушы және 1 әкімшілік өкілі қатысқан. Жобаны іске асыру мерзімі 2021-2022 ж.ж.

Жоба аясында 1 семинар мен 1 курс өткізілген.

Материалдық ресурстар ретінде 2 кабинет, 30 қажетті құрал-жабдықтар қолданылған.

➤ **№ 59 мектеп-лицейі**

«Оқоо» жобасы өз жұмысын 2019 жылы бастады. Жобаның қатысушылары 8,9,10,11-сыныптар. Берілген ақпаратқа сәйкес жобаға 7 педагог, 235 білім алушы қатысқан.

Жоба аясында 2 семинар өткізілген. Материалдық ресурстар ретінде 1 STEM кабинет, IT-кабинет, робототехника және керекті құрал-жабдықтар қолданылған.

№ 59 МЛ «Оқоо» жобасы 3 кезеңде жұмыс жасайды.

➤ **№ 53 мектеп-лицейі**

«Оқоо» жобасы өз жұмысын 2019 жылы бастады. Жоба 1 жылға жоспарланған. Жобаның қатысушылары 7-11 сынып білім алушылары. Берілген ақпаратқа сәйкес жобаға 10 педагог, 1122 білім алушы, 1 әкімшілік өкілі қатысқан.

Материалдық ресурстар ретінде кабинет, компьютер, интерактивті тақта және т.б. қажетті құралдар қолданылған. Жоба бойынша бюджеттік есептен қаражат жұмсалғаны анықталды.

Білім алушылардың білім сапасы жоба басында 62%, ал аралықта 67% көрсетті.

➤ **А. Байтұрсынұлы атындағы № 48 мектеп -лицейі**

Нұр-Сұлтан қ. А. Байтұрсынұлы атындағы №48 МЛ «Окоо» инновациялық жобасымен жұмыс жасауда. Жоба 2019 жылы басталды және 3 жылға жоспарланған.

«Окоо» жобасының қатысушылары 9-10 сынып білім алушылары. Берілген ақпаратқа сәйкес жобаға 10 педагог, 273 білім алушы, 5 әкімшілік өкілі және 4 сарапшы қатысқан.

Жоба аясында 4 семинар, 2 курс және 2 өзге де іс-шара өткізілген.

Материалдық ресурстар ретінде 4 кабинет, 60 компьютер, 4 интерактивті тақта және керекті құрал-жабдықтар қолданылған.

Білім алушылардың білім сапасы жоба басында 57%, ал аралықта 68% көрсетті.

➤ **№ 60 мектеп-лицейі**

«Окоо» жобасы өз жұмысын 2019 жылы бастады. Жоба 3 жылға жоспарланған. Жобаның қатысушылары 6-10 сынып білім алушылары. Берілген ақпаратқа сәйкес жобаға 14 педагог, 800 білім алушы, 1 әкімшілік мүшесі қатысқан.

Жоба аясында 4 семинар және 1 курс өткізілген. Материалдық ресурстар ретінде 8 информатика кабинеті, 120 компьютер, 3 интерактивті тақта, 3 экран және т.б. қажетті құралдар қолданылған. Жоба бойынша бюджет есебінен қаражат жұмсалған, бірақ нақты сома көрсетілмеген.

Білім алушылардың білім сапасы жоба басында 2019 жылы 50%, ал аралықта 60% көрсетті.

➤ **№ 69 мектеп-гимназиясы**

Нұр-Сұлтан қ. № 69 МГ «Окоо» жобасы өз жұмысын 2020 жылы бастады. Жоба 2 кезеңге жоспарланған. Жобаның қатысушылары 8,9,10-сынып білім алушылары. Берілген ақпаратқа сәйкес жобаға 10 педагог, 803 білім алушы, 2 әкімшілік өкілі қатысады.

Жоба аясында 1 семинар өткізілген. Материалдық ресурстар ретінде кабинеттер, 45 компьютер, интерактивті тақта және т.б. қажетті құралдар қолданылған.

Білім алушылардың білім сапасы жоба басында анықталмаған.


**ОКОО – жобасы бойынша қорытынды**

Жоба 19 орта білім беру ұйымдарында жүзеге асырылуда.

Жобаға 68 педагог, 6 332 білім алушы, 14 әкімшілік өкілі және 6 сарапшы қатысқан (2.37-сурет). Жалпы орта білім беру ұйымдарында жоба әртүрлі мерзімде жүзеге асырылды деп қорытынды жасауға болады.



### ЖОБА ҚАТЫСУШЫЛАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР



2.37-сурет

Білім алушылардың білім сапасының диагностикасы кіріс және аралық диагностика кезінде көрсетілді. Іс жүзінде барлық жалпы орта білім беру ұйымдарында білім сапасының оң өсу динамикасы байқалады.

Жоба барысында ақпарат ұсынған 9 мектеп бойынша барлығы 23 семинар, 8 курс және 4 басқа да іс-шаралар көлемінде оқыту іс-шаралары өткізілді. Мектептердің тәжірибесі берілген ақпаратқа сәйкес 19 мектепте таратылады.

Жобаның нәтижелілігіне және педагогтер мен білім алушылар тарапынан қызығушылыққа байланысты «Оқоо» жобасын іске асырудың маңызы өте зор. Болашақта жалпы орта білім беру ұйымдарында жоба нәтижесінің тиімділігі көрінетін болады.

### **3. «Эмоционалды интеллект» жобасы**


**Жобаның мақсаты:** білім беру процесінің қатысушылары арасында қолайлы эмоционалды орта болуы үшін жағдай жасау.

Жобаны іске асыру аясында 43 басшы мен 935 педагог оқудан өтті. Оқытуды эмоционалды зияткерлікті дамыту бойынша халықаралық деңгейдегі сертификатталған жаттықтырушылар жүргізді.

Нұр-Сұлтан қаласының «Білім беруді жаңғырту орталығы» қашықтықтан оқыту кезінде «International Academy of Emotional Intelligence» ЖШС-мен бірлесіп қала мектептерінің педагогтері үшін апта сайын вебинарлар, «педагогтің эмоционалды интеллектісі», «эмоционалдық денсаулық», «эмоционалды фитнес» тақырыптары бойынша шебер-сыныптар өткізді. Әр вебинарда жалпы қатысушылар саны 80-100 тыңдаушыны құрады. Вебинар аясында педагогтер эмоцияларды тани білуге, уақытты басқаруға, конфликтті басқаруға, стрессті қалай жеңуге болатынын білді.

Бұл жобаны 11 орта білім беру ұйымы жүзеге асырады, пайыздық мөлшерлеме елорда мектептерінің жалпы санының 1,1% құрайды (2.38-сурет). Жоба аясында педагогтерді оқыту курсына арналған қаражат қатысушы

мектептердің бюджеттік есебінен төленді (1 мұғалімге 10 000 теңге, әкімшілік мүшесіне – 20 000 теңге).



38-сурет

➤ **№ 59 мектеп-лицейі**

«Эмоционалды интеллект» жобасы өз жұмысын 2019 жылы бастады. Жобаның қатысушылары 1,3,4-сыныптары. Берілген ақпаратқа сәйкес жобаға 7 педагог, 900 білім алушы және 1 әкімшілік өкілі қатысады.

Жоба аясында 2 қалалық семинар, 1 республикалық семинар және 2 оқыту курсы өткізілген. Материалдық ресурстар ретінде 7 кабинет, 7 компьютер және 7 интерактивті тақта қолданылған.

Жоба аясында Sana Skills орталығымен ынтымақтастық орнатылған.

Білім алушылардың білім сапасы жоба басында 78%, аралықта 85% көрсетті.

➤ **№ 73 мектеп-лицейі**

«Эмоционалды интеллект» жобасы өз жұмысын 2019 жылы бастады. Жоба 3 жылға жоспарланған. Жобаның қатысушылары 6-сынып білім алушылары. Берілген ақпаратқа сәйкес жобаға 17 педагог, 167 білім алушы, 3 әкімшілік өкілі және 5 сарапшы қатысады.

Жоба аясында 5 қалалық семинар, 2 оқыту курсы және өзге де іс-шаралар өткізілген. Материалдық ресурстар ретінде 2 кабинет, 12 ОӘК (УМК), 12 компьютер және 4 интерактивті тақта қолданылған.

Жоба аясында Білім беруді жаңғырту орталығымен ынтымақтастық орнатылған.

Білім алушылардың білім сапасы жоба басында 54,17%, аралықта 57,14% көрсетті.

**«Эмоционалды интеллект» жобасы бойынша қорытынды**

Осы жоба бойынша бастапқы деректер 2 жалпы орта білім беру ұйымынан алынды. Нұр-Сұлтан қаласы бойынша жобаға жалпы 11 мектеп қатысады. Жоба нәтижесі тек екі мектеп бойынша қарастырылған.

Ұсынылған ақпаратқа сәйкес жобаға 2 жалпы орта білім беру ұйымдарынан 24 педагог, 1067 білім алушы, әкімшіліктің 4 өкілі және 5 сарапшы қатысты.

Білім алушылардың білім сапасының диагностикасы кіріс және аралық диагностика кезінде көрсетілді. Ұсынылған ақпаратқа сәйкес, №59, 73 мектеп-лицейінде білім сапасының оң өсу динамикасы байқалды.

Нұр-Сұлтан қаласының №59 МЛ жобаның басында – 78%, аралық диагностика кезінде – 85%, №73 МЛ – 54,17%, аралықта – 57,14% көрсетеді.

Жоба барысында ақпарат берген 2 мектеп бойынша 7 қалалық семинар, 1 республикалық семинар және 4 курс өткізілді.

#### **4. «Латын әліпбиіне көшу» жобасы**

**Жобаның мақсаты** – білім беру ұйымдарында пилоттық жобаны іске асыру арқылы мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру.



2.39- сурет

Бұл жобаға 13 білім беру ұйымы, оның ішінде 8 орта білім беру ұйымы және 5 ТЖКББ ұйымы қатысты. Білім беру ұйымдарының жалпы санының пайыздық мөлшерлемесі бойынша келесідей көріністі байқауға болады: 10% жалпы білім беру ұйымдары, 8,6% орта білім беру ұйымы, 14,7% техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарынан (2.39-сурет).

#### **➤ Міржақып Дулатұлы атындағы № 68 мектеп гимназиясы**

«Латын әліпбиіне өту» жобасына 5-11 сыныптарының білім алушылары қатысады. Жобаны іске асыру мерзімі 2021-2023 ж.ж. Жоба 3 кезеңнен тұрады. Берілген ақпаратқа сәйкес жобаның жетекшісі Қызырхан Айдын. Жобаға 10 педагог, 100 білім алушы, 3 әкімшілік өкілі және 2 сарапшы қатысады. Жоба бойынша 50 педагогтің қатысуымен 5 семинар, 70 педагогтің қатысуымен 2 курс және 2 өзге де іс-шаралар ұйымдастырылған (2.40-сурет). Сонымен қатар, жоба аясында қаржылық шығындар қарастырылмағандығы анықталды.

Материалдық ресурстар ретінде 4 кабинет, 20 дана ОӘК (УМК) қолданылған. Жоба нәтижесі бойынша өз тәжірибелерімен қаладағы 8 жалпы орта білім беру ұйымдарында бөлісті.

Жоба аясында Білім беруді жаңғырту орталығымен ынтымақтастық орнатылған.

Жобаның басында білім алушылардың білім сапасы 55%, аралық диагностика - 58% көрсетті, бұл 3% өсу динамикасына сәйкес келеді.



2.40-сурет

#### ➤ № 4 мектеп-гимназиясы

№ 4 МГ «Латын әліпбиіне өту» жобасы 2019 ж. басталды және 2021 жылы аяқталады. Жоба қатысушылары 5-сынып білім алушылары. Жоба бойынша 1 жетекші, 1 педагог, 1 әкімшілік өкілі жұмыс жасайды. Білім алушылар саны көрсетілмеген.

Жоба қаржылық шығындарды талап етпейді.

Жоба аясында 2 семинар және 1 курс ұйымдарыстырылды. Жоба басындағы білім алушылардың білім сапасы 86 % құрады.

#### ➤ № 19 орта мектебі

№19 ОМ «Латын әліпбиіне өту» жобасы жұмысын 2019 жылы бастады. Жоба 3 жылға жоспарланған. Жоба қатысушылары 7-сынып білім алушылары. Жоба бойынша 5 педагог, 2 әкімшілік өкілі және 120 білім алушы жұмыс жасайды.

Жоба қаржылық шығындарды талап етпейді.

Жоба аясында 3 семинар және 1 курс ұйымдарыстырылды.

Материалдық ресурстар ретінде 3 кабинет, 5 ОӘК (УМК), 5 компьютер, 2 интерактивті тақта қолданылған.

Жоба басындағы білім алушылардың білім сапасы 40%, ал аралықта 56% құрады.

#### ➤ Б. Майлин атындағы № 52 мектеп-гимназиясы

«Латын әліпбиіне өту» жобасына 6-сыныптардың білім алушылары қатысады. Жобаны іске асыру мерзімі 2019-2021 ж.ж. Жоба 3 кезеңді қамтиды. Жоба жетекшісі – Тубекбаева Баян Мырзатаевна.

Жобаға 3 педагог, 45 білім алушы, 1 әкімшілік өкілі және 9 сарапшы қатысады.

Жоба бойынша 12 педагогтің қатысуымен 2 семинар, 3 курс және 4 өзге де іс-шаралар ұйымдастырылған. Сонымен қатар, жоба аясында қаржылық шығындар қарастырылмағандығы анықталды.

Материалдық ресурстар ретінде 10 компьютер, 2 интерактивті тақта және кабинеттер қолданылады. Жоба нәтижесі бойынша өз тәжірибелерімен қаладағы №63 және №64 орта білім беру ұйымдарында бөлісті.

Жоба аясында Білім беруді жаңғырту орталығымен ынтымақтастық орнатылған.

Білім алушылардың білім сапасы жоба басында 2019 жылы 59%, аралықта 61% көрсетті.

#### **«Латын әліпбиіне көшу» жобасы бойынша қорытынды**

Осы жоба бойынша бастапқы деректер 4 жалпы орта білім беру ұйымынан алынды. Жоба Нұр-Сұлтан қаласының жалпы орта білім беру ұйымдарында 2019 жылы іске асырыла бастады.

Ұсынған ақпараттарға сәйкес жобаға 4 жалпы орта білім беру ұйымдарынан 19 педагог, 265 білім алушы, 7 әкімшілік өкілі және 11 сарапшы қатысқан және жобаның жүзеге асырылуы жалпы орта білім беру ұйымдарында әртүрлі мерзімде жоспарланған.

Білім алушылардың білім сапасының диагностикасы кіріс және аралық диагностика кезінде көрсетілді. Іс жүзінде барлық жалпы орта білім беру ұйымдарында білім сапасының оң өсу динамикасы анықталды.


Жоба барысында ақпарат ұсынған 4 мектеп бойынша семинар, курс және басқа да іс-шаралар өткізілген. Мектептердің тәжірибесі біздегі ақпаратқа сәйкес қала мектептерінде таратылған.

Латын әліпбиін пайдалану мемлекеттің барлық бағыттарына қатысты маңызды қажеттілік болып табылатындықтан, жалпы білім беру ұйымдарында «Латын әліпбиіне өту» жобасының рөлі аса маңызды екенін айтуға болады.

#### **5. «Жас сарбаздар» жобасы**

Нұр-Сұлтан қаласында алғашқы кадет сыныбы 2018 жылы ашылды. Кадет сыныптары тағы бірнеше мектепте ашылған. Бұл кадеттерді әлеуметтендірудің қазіргі заманғы талаптарына жауап беретін кадеттік білім беру мен тәрбиелеу моделін жасауға мүмкіндік берді.

**"Жас сарбаздар" жобасына білім беру ұйымдарының қатысуы туралы мәліметтер**



2.41-сурет

Мектеп кадеттеріне ерте жастан бастап өз іс-әрекеттері үшін, жолдастары үшін жауапкершілік сезімі, заңдар мен талаптарға сөзсіз бағыну сезімі үйретіледі. Білім алушылар өз қызметін нақты ұйымдастыруға үйренеді, тәртіпті және ұйымшыл болады, олар өзін-өзі бағалауды қалыптастырады және дамытады.

Қазіргі уақытта Нұр-Сұлтан қаласында елорданың 32 білім беру ұйымында 32 кадет сыныбы ашылған (2.41-сурет).

Мектептерде әртүрлі семинарлар, қалалық, республикалық форматтағы жарыстар өткізіледі. Көрші елдермен де халықаралық семинарлар ұйымдастырылады. Халықаралық ынтымақтастық шеңберінде №13 мектептің «Жас Сарбаз» мамандандырылған сынып білім алушылары парашют-десант және сүнгүйр дайындығы бойынша оқуға, сондай-ақ Ұлы Жеңістің 75 жылдығына арналған парадқа қатысуға шақырту алған.


#### ➤ №71 мектеп-лицей

«Жас сарбаз» жобасына 8 және 9-сыныптардың білім алушылары қатысады. Жобаны іске асыру мерзімі 2018-2021 ж.ж. кұрайды. Жоба 3 кезеңнен тұрады. Берілген ақпаратқа сәйкес Макулбеков А.М. жобаның жетекшісі екендігі анықталды.

Жобаға 1 педагог, 36 білім алушы, 2 әкімшілік өкілі қатысады. Жоба бойынша 19 педагогтің қатысуымен 4 семинар, 25 педагогтің қатысуымен 3 курс және 3 өзге де іс-шаралар ұйымдастырылған. Сонымен қатар, жоба аясында қаржылық шығындар бюджеттік қаражаттан 1 668 000 мың теңге жұмсалғаны анықталды.

Материалдық ресурстар ретінде 3 АҚ-74, 1 РПК-74, 3 газтұмылдырық, 10 ОЗК, 1 кабинет және ҚР Жарғылары, «Тактикалық дайындық», «Саптық дайындық», «Әскери топография» қолданылған. Жоба нәтижесі бойынша өз тәжірибелерімен қаладағы 5 жалпы орта білім беру, сондай-ақ республика деңгейінде 1 жалпы білім беру ұйымдарымен және 2 өзге де ұйымдарда тәжірибемен бөліскен (2.42-сурет).

Жоба аясында Білім беруді жаңғырту орталығымен ынтымақтастық орнатылған.



2.43-сурет



2.42-сурет

Жобаның басында білім алушылардың білім сапасы 77%, аралық диагностика - 100% көрсетті, яғни өсу динамикасы 23% құрайды (2.43-сурет).

➤ **№ 4 мектеп-гимназия**

№ 4 МГ «Кадеттер» жобасы 2019 жылдан бастап жұмыс жасауда. Жоба 3 кезеңнен тұрады. Жоба қатысушылары 10-сынып білім алушылары, 1 жетекші және мектеп әкімшілігі. Жобаға мектептен қаражат қарастырылмаған. Жоба аясында Білім беруді жаңғырту орталығымен ынтымақтастық орнатылған. Кіру диагностикасы (жоба басындағы білім сапасы) 68% құрады.

➤ **Т. Айбергенов атындағы №16 орта мектебі**

«Жас сарбаз» жобасына 7 және 9-сыныптардың білім алушылары қатысады. Жобаны іске асыру мерзімі 2019-2024 ж.ж. құрайды, яғни 5 жылға жоспарланған. Жоба 5 кезеңнен тұрады. Берілген ақпаратқа сәйкес Абдрахманов Е.З. жобаның жетекшісі болып табылады. Жобаға 21 білім алушы, 3 әкімшілік өкілі және 1 сарапшы қатысады.

Материалдық ресурстар ретінде 21 компьютер, 1 интерактивті тақта, 5 АК-74, 1 оқу патроны, 12 дана ОӘК (УМК), 1 оқыту кабинеті, спортзал мен робототехника кабинеті қолданылған. Жоба нәтижесі бойынша өз тәжірибелерімен қаладағы 40 жалпы орта білім беру ұйымдарында бөлісті.

Жоба аясында Нұр-Сұлтан қаласының Шекаралық бақылау басқармасымен ынтымақтастық орнатылған.

➤ **№ 34 орта мектебі**

«Жас сарбаз» сыныбы жобасы № 34 ОМ 2018 жылдан бастап жұмыс жасауда. Жоба 4 кезеңнен тұрады және қаржылық шығындарды талап етпейді. Жоба қатысушылары 2-сынып білім алушылары.

Жобаға 9 педагог, 2 әкімшілік өкілі және 150 білім алушы қатысады. Жоба аясында 3 семинар ұйымдастырылған және материалдық база ретінде 3 компьютер, 3 интерактивті тақта, 53 дана ОӘК (УМК) мен 3 кабинет қолданылған. Жоба жоспарға сәйкес жүзеге асырылуда.

➤ **№ 42 орта мектебі**

«Жас сарбаз» сыныбы жобасы өз жұмысын 2021 жылы бастады. Жобаның қатысушылары 7-сынып білім алушылары. Берілген ақпаратқа сәйкес жобаға 1 педагог, 16 білім алушы және 4 әкімшілік өкілі қатысады.

Жоба жұмысы барысында семинар, курс өткізілмегендігі белгілі болды. Материалдық ресурстар ретінде АӘД кабинеті және керекті құрал-жабдықтар қолданылады.

Сонымен қатар, жоба аясында бюджеттік есептен 878 000 мың теңге қаржылық шығындар бөлінген.

Жоба аясында Шығыс спорт орталығымен ынтымақтастық орнатылған.

Жобаның басында білім алушылардың білім сапасы 35%, аралық диагностика 50% көрсетті, бұл өсу динамикасының 15% құрайтынын көрсетеді.

➤ **С. Мәуленов атындағы № 37 мектеп-лицей**

«Жас сарбаз» әскери-патриоттық сыныбы жобасының қатысушылары 7-9 сынып білім алушылары. Жобаны іске асыру мерзімі 2019-2020 және 2021-2022 оқу жылдары. Яғни, жоба екі кезеңнен тұрады. Берілген ақпаратқа

сәйкес жобаның жетекшісі Мантиева К.Э. Жобаға 1 жетекші, 6 педагог, 145 білім алушы, 2 әкімшілік өкілі қатысады.

Жоба аясында семинарлар мен курстар өткізілмеген. Жоба қаржылық шығындарды талап етпейді.

Жоба нәтижесі бойынша өз тәжірибелерімен қаладағы 90, ал республикадағы 250 жалпы орта білім беру ұйымдарында бөлісті.

➤ **№ 80 мектеп-гимназия**

«Жас сарбаз» жобасы 2019 жылы басталды. Жоба мерзімі 3 кезеңнен тұрады. Жобаға бюджеттік есептен 800 000 мың қаражат жұмсалған. Жиналған ақпараттарға сәйкес жобаға 5 педагог, 22 білім алушы (9-сынып) қатысады.

Жоба жұмысы барысында 2 курс ұйымдастырылған және материалдық ресурстар ретінде АӘД кабинеті, спорт зал, автоматтар, винтовкалар және т.б. керекті құрал-жабдықтар қолданылған.

Нұр-Сұлтан қ. №80 МГ жоба аясында Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдері мен мекемелері, Нұр-Сұлтан қ. Төтенше жағдайлар департаменті, «Жас сарбаз» республикалық әскери-патриоттық балалар-жасөспірімдер қозғалысының филиалы, Ұлттық әскери-патриоттық орталығымен ынтымақтастық орнатқан.

Білім алушылардың білім сапасы жоба басында 54%, ал аралықта 65% көрсетті, өсу динамикасы 11%.

➤ **№ 53 мектеп-лицей**

«Жас сарбаз» жобасы өз жұмысын 2018 жылы бастады. Жоба 3 кезеңге жоспарланған. Жобаның қатысушылары 8,9-сынып білім алушылары. Берілген ақпаратқа сәйкес жобаға 4 педагог, 49 білім алушы қатысады.

Жоба аясында 3 семинар, 1 курс өткізілген. Материалдық ресурстар ретінде кабинет, компьютер, ОӘК (УМК) және т.б. қажетті құралдар қолданылады. Жоба бойынша бюджеттік есептен қаражат жұмсалған, бірақ нақты сома мөлшері туралы ақпарат берілмеді.

Білім алушылардың білім сапасы жоба басында 42%, ал аралықта 45% көрсетті.

➤ **№13 орта мектебі**

«Жас сарбаз» жобасы өз жұмысын 2016 жылы бастады. Жобаның аяқталу мерзімі 2021 жыл. Жобаның қатысушылары 7-11-сынып білім алушылары. Берілген ақпаратқа сәйкес жобаға 4 педагог, 96 білім алушы қатысады.

Жоба аясында 2 семинар өткізілген. Материалдық ресурстар ретінде кабинет және т.б. қажетті құралдар қолданылады. Жоба бойынша қаражат жұмсалмағаны анықталды.

Білім алушылардың білім сапасы жоба басында 49%, ал аралықта 52,3% көрсетті.

➤ **№ 69 мектеп-гимназия**

«Жас сарбаз» жобасы өз жұмысын 2017 жылы бастады. Жоба 5 жылға жоспарланған. Жобаның қатысушылары 7-сынып білім алушылары. Берілген ақпаратқа сәйкес жобаға 1 педагог, 112 білім алушы, 1 әкімшілік өкілі және 1 сарапшы қатысады.



Жоба аясында 6 семинар және 1 курс өткізілген. Материалдық ресурстар ретінде кабинет, интерактивті тақта, автоматтар мен ОЗК, газтұмылдырық және т.б. қажетті құралдар қолданылады. Жоба бойынша қаражат жұмсалмағаны анықталды.

Білім алушылардың білім сапасы жоба басында 33,33%, ал аралықта 75% көрсеткішті берді.

Қала бойынша 60 жалпы орта білім ұйымында өз тәжірибелерімен бөлісті.

➤ **Тамим бен Хамад Әл-Тани шейхі атындағы № 85 мектеп-лицей**

Нұр-Сұлтан қ. №85 МЛ 2019 жылдан бастап «Жас сарбаз» инновациялық жобасымен жұмыс жасауда. Жобаны іске асыру мерзімі 2019-2021 ж.ж. аралығына жоспарланған, 3 кезеңді қамтиды.

«Жас сарбаз» жобасының қатысушылары 7-9 сынып білім алушылары. Берілген ақпаратқа сәйкес жобаға 6 педагог, 83 білім алушы және 3 әкімшілік өкілі қатысады.

Жоба аясында төрт семинар, екі курс және өзге де іс-шаралар ұйымдастырылған. Материалдық ресурстар ретінде кабинет және керекті құрал-жабдықтар қолданылған.

Жоба аясында «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысы, «Қазақстан Республикасының Ауғанстан және оқшау соғыстар ардагерлерінің одағы» қоғамдық бірлестігімен ынтымақтастық орнатылған.

Білім алушылардың білім сапасы жоба басында 2019 жылы 53%, аралықта 65% көрсетті, өсу динамикасы 12%.

➤ **№ 35 мектеп-лицей**

«Жас сарбаз» жобасының қатысушылары 9-сынып білім алушылары. Жоба 2019-2021 жылдарға жоспарланған. Берілген ақпаратқа сәйкес жобаға 1 педагог, 19 білім алушы қатысады.

Жоба аясында семинар, курс және т.б. іс-шаралар ұйымдастырылмаған. Материалдық ресурстар ретінде кабинет және керекті құрал-жабдықтар қолданылған.

Білім алушылардың білім сапасы жоба басында 2019 жылы 50%, аралықта 70% көрсетті.

➤ **№ 61 орта мектебі**

«Жас сарбаз» жобасының қатысушылары 7-сынып білім алушылары. Жоба 2017-2021 жылдарға жоспарланған. Берілген ақпаратқа сәйкес жобаға 1 педагог, 39 білім алушы және 2 әкімшілік өкілі қатысады.

Жоба аясында семинар, курс және т.б. іс-шаралар ұйымдастырылмаған.

Материалдық ресурстар ретінде кабинет және керекті құрал-жабдықтар қолданылады.

Білім алушылардың білім сапасы жоба басында 2017 жылы 37%, аралықта 45% көрсетті.

➤ **«Жас сарбаздар» жобасы бойынша қорытынды**


Осы жоба бойынша бастапқы деректер 13 жалпы орта білім беру ұйымынан алынды. Жоба қатысушылары 7-9 сынып білім алушылары. Нұр-

Сұлтан қаласы Білім басқармасының бұйрығы негізінде жобаға 33 мектеп қатысады.

Ұсынған ақпараттарға сәйкес жобаға 13 жалпы орта білім беру ұйымдарынан 41 педагог, 788 білім алушы, 20 әкімшілік өкілі және 2 сарапшы қатысатындығы анықталды және жалпы орта білім беру ұйымдарында жоба әртүрлі мерзімде жүзеге асыруды жоспарлаған.

Білім алушылар білім сапасының диагностикасы кіріс және аралық диагностика кезінде көрсетілді. Іс жүзінде барлық жалпы орта білім беру ұйымдарында білім сапасы өсуінің оң динамикасы анықталды (2.44-сурет).

**"Жас сарбаз" жобасы аясында білім алушылардың үлгерім сапасының динамикасы**



2.44-сурет

Жоба барысында ақпарат ұсынған 13 мектеп бойынша 19 семинар, 9 курс және 3 басқа да іс-шаралар өткізілген. Мектептердің тәжірибесі берілген ақпаратқа сәйкес қала және республикамыздың жалпы орта білім беру ұйымдарында таратылған.


Жоба аясында қала мектептері «Қазақстан Республикасының Ауғанстан және оқшау соғыстар ардагерлерінің одағы» қоғамдық бірлестігімен, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдері мен мекемелері, Нұр-Сұлтан қ. Төтенше жағдайлар департаменті, «Жасарбаз» республикалық әскери-патриоттық балалар-жасөспірімдер қозғалысының филиалы, Ұлттық әскери-патриоттық орталығымен және Білім беруді жаңғырту орталығымен ынтымақтастық орнатқан.

Мектеп жас сарбаздары жобасында ерте жастан бастап өз іс-әрекеттері үшін, жолдастары үшін жауапкершілік сезімі, заңдар мен талаптарға сөзсіз бағыну сезімі үйретіледі. Білім алушылар өз қызметін нақты ұйымдастыруға үйренеді, тәртіпті және ұйымшыл болады, олар өзін-өзі бағалауды қалыптастырады және дамытады. Жалпы орта білім беру ұйымдарында «Жас сарбаз» жобасы өте маңызды екенін айтуға болады.

#### **6. NESTLE салауатты тамақтану мектебі**

Бұл жобаға 30 орта білім беру ұйымы қатысады, яғни Нұр-Сұлтан қаласындағы мектептердің жалпы санының 32% құрайды (2.45-сурет).

## Жобаға ББҰ-ның қатысуы туралы мәліметтер



2.45-сурет

### ➤ **№ 6 мектеп-гимназия**

«Салауатты тамақтану мектебі» жобасы № 6 МГ 2020 жылдан бастап жұмыс жасауда. Жоба 1 жылға жоспарланған және қаржылық шығындарды талап етпейді. Жоба қатысушылары 2-сынып білім алушылары.

Жобаға 2 жоба жетекшісі, 6 педагог, 2 әкімшілік өкілі және 176 білім алушы және 1 сарапшы қатысады. Жоба аясында 2 семинар өтті және материалдық база ретінде 6 компьютер, 6 интерактивті тақта мен 6 кабинет қолданылады. Жоба жоспарға сәйкес жүзеге асырылуда.

Жоба аясында Білім беруді жаңғырту орталығымен ынтымақтастық орнатылған.

Білім алушылардың білім сапасын диагностикалау жүргізілмейді.

### ➤ **№ 4 мектеп-гимназия**

«Салауатты тамақтану мектебі» жобасы 2019 жылы басталды. Жоба 3 кезеңнен тұрады және жетекшілері А. Шәмірбек (2019ж), Н. Таукебаева (2020 ж.), Ж. Құдайбергенова (2021 ж.). Жобаға 757 000 мың теңге қаражат жұмсалған. Жиналған ақпараттарға сәйкес 5 педагог, 1 әкімшілік өкілі қатысқан. Жобаға қатысатын білім алушылар және материалдық техникалар мен кабинеттер саны көрсетілмеген.

Педагогтер жоба бойынша 2 семинар және 2 курс ұйымдастырған.

Жоба аясында Білім беруді жаңғырту орталығымен ынтымақтастық орнатылған.

### ➤ **№ 36 орта мектебі**

«Салауатты тамақтану мектебі» жобасы 2019 жылы басталды. Жоба 3 кезеңнен тұрады және жетекшісі Березовская Д.С. Жобаға қаражат жұмсалмаған. Жиналған ақпараттарға сәйкес 13 педагог, 373 білім алушы, 1 әкімшілік өкілі қатысады. Материалдық ресурстар ретінде 13 компьютер, 2 интерактивті тақта және оқулықтар қолданылған.

Педагогтерге (30 педагог) жоба бойынша 3 семинар, 2 курс және 2 өзге де іс-шаралар ұйымдастырылған.

Жоба нәтижесі бойынша өз тәжірибелерімен қаладағы 3 жалпы орта білім беру ұйымдарында бөлісті. Жоба аясында Назарбаев зияткерлік мектебімен ынтымақтастық орнатылған.

### ➤ **№ 56 мектеп-лицей**

«Салауатты тамақтану мектебі» жобасы № 56 МЛ 2019 жылдан бастап жұмыс жасауда. Жоба 3 кезеңнен тұрады және қаржылық шығындарды талап етпейді. Жоба қатысушылары 2-сынып білім алушылары.

Жобаға 2 педагог, 2 әкімшілік өкілі және 20 білім алушы және 2 сарапшы қатысады. Жоба аясында семинар мен курс ұйымдастырылмағаны анықталды және материалдық ресурс ретінде 2 компьютер, 2 интерактивті тақта мен кабинет қолданылады. Жоба жоспарға сәйкес жүзеге асырылуда.

Жоба аясында Білім беруді жаңғырту орталығымен және Нестле компаниясымен ынтымақтастық орнатылған.

➤ **№ 51 мектеп-гимназия**

«Салауатты тамақтану мектебі» жобасы № 51 МГ 2017 жылдан бастап жұмыс жасауда. Жоба бюджеттік есептен қаржыландырылды. Жоба қатысушылары 2-сынып білім алушылары.

Жобаға 5 педагог және 153 білім алушы қатысады. Жоба аясында 4 семинар ұйымдастырылғаны анықталды және 5 компьютер, 4 интерактивті тақта мен 5 кабинет қолданылады. Жоба жоспарға сәйкес жүзеге асырылуда.

➤ **№ 34 орта мектебі**

«Салауатты тамақтану мектебі» жобасы № 34 ОМ 2018 жылдан бастап жұмыс жасауда. Жоба 4 кезеңнен тұрады және қаржылық шығындарды талап етпейді. Жоба қатысушылары 2-сынып білім алушылары.

Жобаға 9 педагог, 2 әкімшілік өкілі және 150 білім алушы қатысады. Жоба аясында 3 семинар ұйымдастырылғаны анықталды және 3 компьютер, 3 интерактивті тақта, 53 дана ОӘК (УМК) мен 3 кабинет қолданылады. Жоба жоспарға сәйкес жүзеге асырылуда.

➤ **№ 63 мектеп-гимназия**

«Салауатты тамақтану мектебі» жобасы №63 МГ 2017 жылдан бастап жұмыс жасауда. Жоба қатысушылары 2-сынып білім алушылары.

Жобаға 1 педагог, 1 әкімшілік өкілі және 28 білім алушы қатысады. Жоба аясында 1 семинар ұйымдастырылғаны анықталды және ресурс ретінде кабинет қолданылады. Жоба жоспарға сәйкес жүзеге асырылуда.

➤ **№ 27 мектеп-лицей**

«Салауатты тамақтану мектебі» жобасы 2018 жылы басталды. Жоба 3 кезеңнен тұрады. Жобаға бюджеттік есептен қаражат жұмсалғаны анықталды. Жиналған ақпараттарға сәйкес 2 педагог, 1 әкімшілік өкілі және 52 білім алушы қатысады.

Педагогтер жоба бойынша 5 іс-шара ұйымдастырған және 5 дана ОӘК (УМК) қолданған.

Жоба аясында республикалық, үкіметтік емес ұйымдармен және Білім беруді жаңғырту орталығымен ынтымақтастық орнатылған.

➤ **№ 80 мектеп-гимназия**

«Салауатты тамақтану мектебі» жобасы 2018 жылы басталды. Жоба мерзімі 5 жылды қамтиды. Жобаға бюджеттік есептен қаражат жұмсалмағаны анықталды. Жиналған ақпараттарға сәйкес жоба қатысушылары және жоба бойынша өткізілген іс-шаралар туралы ешқандай ақпарат берілмеген.

➤ **№ 13 орта мектебі**

«Салауатты тамақтану мектебі» жобасы өз жұмысын 2017 жылы бастады. Жоба 2021 жылы аяқталады. Жобаның қатысушылары 2-сынып білім алушылары. Берілген ақпаратқа сәйкес жобаға 3 педагог, 74 білім алушы қатысады.

Жоба аясында семинар, курс өткізілгені және де материалдық ресурстар ретінде құралдар қолданылғаны туралы ақпарат берілмеді.

➤ **Б. Майлин атындағы № 52 мектеп-гимназия**

«Салауатты тамақтану мектебі» жобасына 2-сыныптардың білім алушылары қатысады. Жобаны іске асыру мерзімі 2019-2021 ж.ж. Жоба 3 кезеңді қамтиды. Жоба жетекшісі Азимбекова Ултуган Мырзахановна. Жобаға 1 педагог, 50 білім алушы, 2 әкімшілік өкілі және 3 сарапшы қатысқан. Жоба бойынша 8 педагогтің қатысуымен 1 семинар, 2 курс және өзге де іс-шаралар ұйымдастырылған. Сонымен қатар, жоба аясында қаржылық шығындар қарастырылмағандығы анықталды.

Материалдық ресурстар ретінде 5 компьютер, 3 интерактивті тақта және кабинеттер қолданылған. Жоба нәтижесі бойынша өз тәжірибелерімен қаладағы №63 және №64 орта білім беру ұйымдарында бөлісті.

Жоба аясында Білім беруді жаңғырту орталығымен ынтымақтастық орнатылған.

➤ **№ 20 орта мектебі**

«Салауатты тамақтану мектебі» жобасына 2-сыныптардың білім алушылары қатысады. Жобаны іске асыру мерзімі 2018-2020 ж.ж. Жоба 3 кезеңді қамтыған. Жобаға 9 педагог, 225 білім алушы, 1 әкімшілік өкілі қатысқан. Жоба бойынша 1 семинар, ұйымдастырылған. Сонымен қатар, жоба аясында қаржылық шығындар қарастырылмағандығы анықталды.

Материалдық ресурстар ретінде 9 компьютер, 4 интерактивті тақта және кабинеттер қолданылған.

➤ **№ 43 қосымша білім беру мектеп-орталығы**

«Салауатты тамақтану мектебі» жобасына 2-сыныптардың білім алушылары қатысады. Жобаны іскер асыру мерзімі 2020-2021 ж.ж. Жоба 1 жылға жоспарланған. Жобаға 1 педагог, 31 білім алушы қатысады. Жоба бойынша семинар, курс және өзге де іс-шаралар ұйымдастырылмаған. Сонымен қатар, жоба аясында қаржылық шығындар қарастырылмағандығы анықталды.

Материалдық ресурстар ретінде ОӘК (УМК) қолданылған.

**«NESTLE» салауатты тамақтану мектебі» жобасы бойынша қорытынды**

Жоба 30 жалпы орта білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады.

Жоба қатысушылары 2-сынып білім алушылары болғандықтан, «NESTLE» салауатты тамақтану мектебі жобасы мектептерде тиімсіз жоба деп атауға болады. Себебі, 2-сынып білім алушыларында салауатты тамақтану туралы түсінік әлі қалыптаспаған. Бірақ бұл жобаны негізгі және жалпы орта білім беру деңгейінде жалғастыру қажет. Бұл жоба сынып сағаттары, ата-аналар жиналыстары, айлықтар, онкүндіктер арқылы жүзеге асырылатын тұрақты

жұмыс істейтін салауатты тамақтану бағдарламасы ретінде өзінің қолданылуын табуы керек.

### **Мектептегі инновациялық жобаларды талдау**

Білім беру ұйымдарында зерттеу және жобалау қызметінің бағыты бойынша әртүрлі білім беру, тәрбиелік инновациялық жобалар іске асырылады. Кейбір білім беру жобаларына «Самғау» бірегей мектептері» үлкен жобасына жататын **«IT – мектеп», «Бағдарламалау негіздері», «Өзін өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру»** сияқты жобалар кіреді, тәрбие жобаларына **«Экоасар: игі істер марафоны», «HR + психологиялық-педагогикалық мониторингтің автоматтандырылған жүйесі», «Зейін», «Әлем халықтарының қуыршақтары»** сияқты жобалар жатады. Бұл жобалар № 59 МЛ қолданыс тауып, іске асырылды.

**«Оқушыларды ерте бейіндеу»** жобасы №39 ККМ жүзеге асырылады және 1 миллион теңге көлемінде бюджеттік қаржылық шығындарды талап етеді.

**«Авиценна» бірегей мектебі»** жобасы 2017 жылдан бастап 2022 жылға дейін 4 жылға есептелген, «Самғау» бірегей мектептері» жобасы шеңберінде іске асырылуда, онда білім алушыларға медицина негіздері беріледі, анатомия, биохимия, микробиология және нанотехнология негіздерін үйренеді, жобаға қатысушылар медициналық дағдыларды алады: инъекция жасау, кейбір медициналық жабдықтармен жұмыс істеу. Емтиханды сәтті тапсырған жоба қатысушылары кіші медициналық аға немесе мейірбике сертификатын алады. Аталған жобаға №15 мектеп-лицейінің 6-сыныптарының 148 білім алушысы, 9 педагог және 4 сарапшы қатысады. Мектеп әлеуметтік серіктестермен – «Астана» медицина университетімен, «Даналық» медицина колледжімен ынтымақтастық жүргізеді. Жобаны іске асыру нәтижесінде білім алушыларда «Химия», «Биология» пәндері бойынша білім сапасы 2017 жылғы 61%-дан 2021 жылы 72%-ға дейінгі аралықта 11% артты.

Мектептегі инновациялық жоба қатарына 2021 жылдан бастап №42 ОМ жүзеге асырылатын **«Гидропоника»** жобасы да кіреді, оны іске асыру нәтижесінде білім алушыларда экологиялық сауаттылық қалыптасады. Материалдық-техникалық ресурстар гидропоника үшін қажетті толық жабдықты құрайды. Білім сапасы бойынша өсу динамикасы байқалмайды, өйткені жоба енді ғана іске асырыла бастады. Бұл жоба 439 130 теңге сомасында қаржылық қамтамасыз етуді талап етеді.

№78 МГ 1-сыныптың 54 білім алушыларының, 1 педагогтің және 1 сарапшының қатысуымен **«Ерте жастан француз тілін үйрену»** жобасы жүзеге асырылуда. Жобаны іске асырылуы тиімді болу үшін педагог оқыту семинарынан өткен.

№ 17 МГ 5-сыныптар базасында 45 білім алушының, 2 педагогтің және 2 әкімшілік өкілінің қатысуымен **«Француз тілін тереңдетіп оқытатын билингвалды сыныптар»** жобасы іске асырылуда. Педагогтер жоба аясында біліктілікті арттыру курсынан өтті. Жоба аясында білім сапасы 11% өсу динамикасын көрсетеді.

Сонымен қатар, №17 МГ «Бірегей мектептер» жобасы аясында «Лингвистикалық мектеп» жобасын жүзеге асыруда. Жобаға 6-9 сыныптардағы 139 білім алушы, 6 педагог және 2 сыртқы сарапшы қатысады. Білім сапасы 9% өскені байқалады.

№ 38 «Шаттық» балабақшасы қала аясында жазу дағдыларын дамытуға бағытталған «Шауы» жобасын жүзеге асыруда. Жобаға 10 педагог, 2 әкімшілік өкілі, 1 сыртқы сарапшы, ересек топ және мектепалды даярлық топтарынан 150 тәрбиеленуші қатысады. Жоба 2021 жылдан 2024 жылға дейін 3 жылға есептелген. Ағымдағы оқу жылында кіріс білім сапасы диагностикасы 45% құрайды. Жоба аяқталғанға дейін тәрбиеленушілердің білім сапасын 75% дейін арттыру жоспарлануда.

### **Инновациялық жобалар бойынша жалпы қорытындылар**

#### ***Халықаралық жобалар бойынша қорытынды***

Барлық халықаралық жобаның бастапқы деректерін талдай отырып, келесі қорытындылар анықталады (2.46-сурет):

- ✚ Барлық халықаралық жобалар - 5;
- ✚ Қатысушылар саны - 54;
- ✚ Білім басқармасы бұйрығының негізіндегі жобалар - 5;
- ✚ Қатысушылар саны - 54;
- ✚ Ерікті негізде жобалар - 1;
- ✚ Қатысушы саны - 1.




2.46-сурет

Диаграмма көрсеткіштеріне сәйкес жобалардың 21% халықаралық болып табылады, оның 17% өз бетінше ерікті түрде іске асырады.

Білім алушылардың білім сапасының диагностикасын талдай отырып, барлық білім беру ұйымдары және барлық жобалар бойынша өсу динамикасын көрсете бермейді, сондай-ақ білім сапасының төмендеу динамикасы да

байқалады (2.47-сурет). Мұны білім алушылардың пайыздық білім сапасының орташа көрсеткіштері дәлелдейді.

### Білім сапасының орташа көрсеткіштері және өсу мен төмендеу динамикасы туралы мәліметтер



2.47-сурет

Білім алушылардың білім сапасының орташа көрсеткіштерінің деректеріне сәйкес, жалпы халықаралық жобалар бойынша бір білім беру ұйымында өсу динамикасы да, төмендеу динамикасы да байқалады деген қорытынды жасалады. Өсу динамикасы 10 %, төмендеу динамикасы 9%, бұл айырмашылық 1% көрсетті. Айта кету керек, білім беру ұйымдарының басым көпшілігінде халықаралық жобалар негізінде білім сапасының өсуі байқалады, тек «Global Scholars» жобасы бір мектепте төмендеу динамикасы анықталды.

Халықаралық жобаларға қатысатын елорданың білім беру ұйымдарының бастапқы деректеріне сүйене отырып, жоғарыда көрсетілген жобалардың орындылығы мен тиімділігін атап өткен жөн, өйткені олар тұтастай алғанда мектептердің табысты менеджментін дамытуға, атап айтқанда, педагогтер мен білім алушылардың әртүрлі құзыреттерін: коммуникативтік, зерттеу, IT-құзыреттерін, көшбасшылық қасиеттерін арттыруға бағытталған.

#### Қалалық жобалар бойынша қорытынды


Егер қалалық жобалар арасында Білім басқармасы бұйрығының жобалары мен «Бірегей мектептер» үлкен жобасы шеңберіндегі жобаларды ажыратып қарасақ, келесідей көріністі байқауға болады (2.48-сурет).

Диаграммадан білім беру ұйымдарының 34,5% Білім басқармасының бұйрығына сәйкес қалалық жобаларға және орта білім беру ұйымдарының 15% «Самғау «бірегей мектептері» жобасына қатысатыны көрсетілген.

Әрбір жобадағы білім беру ұйымдары санының деректеріне сәйкес келесідей сандық баламадағы нәтижелер анықталды (2.49-сурет).



## Қалалық жобалар бөлінісінде мектептер саны туралы мәліметтер



2.48-сурет

Диаграммада пайыздық мөлшерлемеге аударуға болатын, жобаларға қатысудың сандық сипаттамалары көрсетілген. Қалалық жобаларға 34,5% білім беру ұйымдары қатысқан, бұл бойынша білім беру ұйымдарының жалпы санынан алғандағы үлес болып табылады. Бірақ орта білім беру ұйымдарының жалпы санынан 86% қатысты.



2.49-сурет

Қалалық жобалардың әрқайсысында жобадағы барлық білім беру ұйымдарының жалпы санынан қатысушы ұйымдардың саны есептеледі, сондықтан қала шеңберіндегі әрбір жоба бойынша мынадай көрініс алынды:

- «STEM» жобасы - 68%
- «ОКОО: онлайн бағдарламалау мектебі» жобасы - 24%
- «Жас сарбаз» жобасы - 41%
- «Эмоционалды интеллект» жобасы - 14%
- «Латын әліпбиіне көшу» жобасы - 17%
- «Салауатты тамақтану мектебі «NESTLE» жобасы - 38,5%

✚ «Самғау» бірегей мектептері - 18%


Барлық қалалық жобалар орта білім беру ұйымдарында 14% - дан 68% - га дейін жүзеге асырылады.

- № 3 МГ – 2 жоба
- № 4 МГ – 4 жоба
- № 10 МГ – 2 жоба
- № 6 Г – 2 жоба
- № 13 ОМ – 3 жоба
- № 15 МЛ – 2 жоба
- № 17 МГ – 2 жоба
- № 21 ОМ – 2 жоба
- № 23 ОМ – 2 жоба
- № 25 ОМ – 2 жоба
- № 27 МЛ – 2 жоба
- № 29 ОМ – 2 жоба
- № 34 ОМ – 3 жоба
- № 36 ОМ – 2 жоба
- № 37 МЛ – 2 жоба
- № 38 МЛ – 3 жоба
- № 40 МЛ – 5 жоба
- № 42 ОМ – 2 жоба
- № 43 ОМ – 3 жоба
- № 44 ОМ – 3 жоба
- № 49 ОМ – 2 жоба
- № 50 МЛ – 4 жоба
- № 52 МГ – 3 жоба
- № 53 МЛ – 3 жоба
- № 54 МЛ – 4 жоба
- № 56 МЛ – 2 жоба
- № 57 ОМ – 3 жоба
- № 58 МГ – 3 жоба
- № 59 МЛ – 3 жоба
- № 60 МЛ – 2 жоба
- № 63 МГ – 3 жоба
- № 64 МЛ – 3 жоба
- № 66 МЛ – 3 жоба
- № 67 Г – 4 жоба
- № 68 МГ – 3 жоба
- № 69 МГ – 3 жоба
- № 70 МЛ – 3 жоба
- № 71 МЛ – 2 жоба
- № 72 МЛ – 2 жоба
- № 73 МЛ – 2 жоба
- № 74 МГ – 4 жоба
- № 76 МЛ – 4 жоба
- № 77 МГ – 3 жоба
- № 78 МГ – 2 жоба
- № 79 МЛ – 2 жоба
- № 80 МГ – 2 жоба
- № 82 МЛ – 2 жоба
- № 84 МЛ – 2 жоба
- № 85 МЛ – 2 жоба

Сондай-ақ, талдау нәтижелері білім беру ұйымдарының бір уақытта бірнеше жобамен жұмыс жасайды деген қорытындыға негіз болды: мысалы, 49 ББҰ 2-5 жобаға дейін іске асырады, оның ішінде 24 мектеп 2 жобаны, 18 мектеп 3 жобаны, 6 мектеп 4 жобаны, 1 мектеп 5 жобаны, 29 ББҰ бір жобаны іске асырады (2.50-сурет).

Осының салдарынан орта білім беру ұйымдарының басшылары жобалардың санына ұмтылу емес, іске асырылып жатқан жобаның тиімділігі мақсатында өз мектебінің жобаларға қатысуын қайта қарағаны жөн.

### Қалалық жобаларды іске асыру бойынша мектептер саны туралы мәліметтер



2.50-сурет

Тұтастай алғанда, барлық жобаларды іске асырудың нәтижелілігін талдай отырып, бір білім беру ұйымындағы жобалардың көп саны қандай да бір дәрежеде тамаша нәтижені көрсетпейді деп айтуға болады. Инновациялық жобаларды енгізу мектепті сапалы жағынан көрсетеді, бірақ олардың саны үшін жобаларды іске асыру білім беру процесіне оң әсер етпеуі мүмкін, өйткені бұл мектеп пен мұғалімдердің бірінші кезектегі міндеті. Төменде әрбір орта білім беру ұйымы шеңберінде іске асырылатын инновациялық жобалардың саны туралы мәліметтер келтіріледі, ол кейбір мектептердің 5-7-ге дейін жобаны енгізетіндігін айқын көрсетеді, бұл олардың нәтижелілігіне теріс әсер етуі мүмкін, сондай-ақ бұл жобалар тек қағаз жүзінде ғана орындалған болуы да мүмкін (2.2-2.3-кесте).

2.2-кесте. Орта білім беру ұйымдарында іске асырылатын жобалардың саны туралы мәліметтер

№	Жалпы орта білім беру ұйымы	Жобалар саны			Жалпы орта білім беру ұйымдарындағы жобалардың жалпы саны
		Халықаралық деңгейдегі	Республикалық деңгейдегі	Қалалық деңгейдегі	
1	№ 1 МЛ	1	0	1	2
2	№ 2 МГ	1	0	1	2
3	№ 3 МГ	2	0	2	4
4	№ 4 МГ	2	0	5	7
5	№ 5 МГ	2	0	0	2
6	№ 6 МГ	1	0	1	2
7	№ 7 МГ	1	0	0	1
8	№ 8 МЛ	0	1	1	2
9	№ 9 «Зерде»	0	1	0	1

10	№ 10 МГ	1	0	2	3
11	№ 12 ББМК	0	0	1	1
12	№ 13 ОМ	0	0	3	3
13	№ 14 МГ	1	0	0	1
14	№ 15 МЛ	0	0	2	2
15	№ 16 ОМ	1	0	2	3
16	№ 17 МГ	1	0	2	3
17	№ 18 ОМ	0	0	1	1
18	№ 19 ОМ	0	0	1	1
19	№ 20 ОМ	0	0	1	1
20	№ 21 ОМ	1	0	2	3
21	№ 22 МГ	0	0	3	3
22	№ 23 ОМ	0	0	2	2
23	№ 24 ОМ	0	0	1	1
24	№ 25 ОМ	1	0	2	3
25	№ 26 МГ	1	0	1	2
26	№ 27 МЛ	2	0	2	4
27	№ 28 МЛ	0	0	0	0
28	№ 29 ОМ	0	0	2	2
29	№ 30 МГ	0	1	0	1
30	№ 31 МГ	1	1	0	2
31	№ 32 МГ	0	0	1	1
32	№ 33 ББМК	0	0	1	1
33	№ 34 ОМ	1	0	3	4
34	№ 35 МЛ	2	0	1	3
35	№ 36 ОМ	0	0	2	2
36	№ 37 МЛ	2	0	2	4
37	№ 38 МЛ	2	0	3	5
38	№ 39 ККМ	0	0	1	1
39	№ 40 МЛ	0	0	5	5
40	№ 41 ОМ	0	0	1	1
41	№ 42 ОМ	0	0	2	2
42	№ 43 ОМ	0	0	3	3
43	№ 44 ОМ	1	0	3	4
44	№ 45 ОМ	0	0	0	0
45	№ 46 БМГК	1	0	1	2
46	№ 47 БМГК	0	0	0	0
47	№ 48 МЛ	0	0	1	1
48	№ 49 ОМ	0	0	2	2
49	№ 50 МЛ	1	0	5	6
50	№ 51 МГ	0	0	1	1
51	№ 52 МГ	0	0	3	3
52	№ 53 МЛ	3	1	3	7
53	№ 54 МЛ	0	1	4	5
54	№ 55 ОМ	0	0	1	1
55	№ 56 МЛ	3	0	2	5
56	№ 57 ОМ	1	0	3	4
57	№ 58 МГ	1	0	3	4
58	№ 59 МЛ	2	0	4	6
59	№ 60 МЛ	3	0	2	5

60	№ 61 ОМ	0	0	1	1
61	№ 62 МЛ	2	0	0	2
62	№ 63 МГ	1	0	3	4
63	№ 64 МЛ	0	0	3	3
64	№ 65 МГ	1	0	1	2
65	№ 66 МЛ	2	0	4	6
66	№ 67 МГ	1	0	5	6
67	№ 68 МГ	1	0	3	4
68	№ 69 МГ	0	0	3	3
69	№ 70 МЛ	1	0	3	4
70	№ 71 МЛ	1	0	2	3
71	№ 72 МЛ	3	0	2	5
72	№ 73 МЛ	3	0	2	5
73	№ 74 МГ	2	0	4	6
74	№ 75 МГ	1	0	1	2
75	№ 76 МЛ	2	0	4	6
76	№ 77 МГ	1	0	3	4
77	№ 78 МГ	0	0	2	2
78	№ 79 МЛ	2	0	2	4
79	№ 80 МГ	1	0	2	3
80	№ 81 ММГ	2	0	1	3
81	№ 82 ММЛ	2	0	2	4
82	№ 83 МГ	2	0	1	3
83	№ 84 МЛ	1	0	2	3
84	№ 85 МЛ	1	0	2	3
85	№ 86 МГ	1	0	0	1
86	№ 87 МГ	0	0	0	0
87	№ 88 МЛ	0	0	0	0
88	№ 89 МЛ	0	0	0	0
89	№ 90 МГ	0	0	0	0
90	№ 91 МГ	0	0	0	0
91	№ 92 МЛ	0	0	0	0

**2.3-кесте. Орта білім беру ұйымдары бойынша жобалардың жалпы саны туралы мәліметтер**

Жобалардың жалпы саны (0-ден 7-ге дейінгі жобалар)							
0	1	2	3	4	5	6	7
9	18	18 жалпы	18	12	6 жалпы	6 жалпы	1 жалпы
жалпы	жалпы	орта білім	жалпы	жалпы	орта	орта білім	орта
орта	орта	беру	орта	орта	білім	беру	білім
білім	білім	ұйымы	білім	білім	беру	ұйымы	беру
беру	беру		беру	беру	ұйымы		ұйымы
ұйымы	ұйымы		ұйымы	ұйымы			

Білім беру ұйымдарындағы инновациялық жобалардың нәтижелілігін мониторингілеу бойынша жалпы қорытынды жасай отырып, SWOT-талдауда көрсетілген оң және теріс тараптарды шығаруға болады (2.4-кесте).

**2.4-кесте. Білім беру ұйымдарындағы инновациялық жобалар нәтижелілігінің мониторингі бойынша SWOT – талдау**

<b>Күшті жақтары (Strengths)</b>	<b>Әлсіз жақтары (Weaknesses)</b>
<p>1. Инновациялық жобаларды енгізу арқылы оқу-тәрбие процесінің тиімділігі;</p> <p>2. Халықаралық тәжірибені зерделеу;</p> <p>3. Білім беру ұйымы, оқу орындары және әлеуметтік серіктестер арасында тұрақты байланыс орнату;</p> <p>4. Жобаларды іске асыру бойынша тәжірибені тарату;</p> <p>5. Білім алушылардың және педагогтердің құзыреттілігін кеңейту және инновациялық жобаға қатысу кезінде кәсіби немесе зерттеу тәжірибесін алу.</p>	<p>1. Жобаны білім беру ұйымдарына енгізудің немесе жалғастырудың негізділігінің болмауы;</p> <p>2. Жобаны енгізу барысын жобаның мүдделі тараптарымен талқылаудың болмауы;</p> <p>3. Жобада сандық фактілердің басым болуы;</p> <p>4. Жоба нәтижелерінің жіне оны таратудың сапалық көрсеткіштерінің болмауы;</p> <p>5. Енгізілетін жобаның білім беру ұйымы миссиясына сәйкес келмеуі;</p> <p>6. Енгізілетін жоба көрсеткіштерінің жоба мақсатына сәйкес келмеуі;</p> <p>7. Инновациялық жобаны іске асыратын педагогтерді материалдық немесе әлеуметтік ынталандыру жүйесінің болмауы;</p> <p>8. Инновациялық бағдарламаларды іске асыру тиімділігі бойынша бағалау индикаторларының болмауы</p>
<b>Мүмкіндіктер (Opportunities)</b>	<b>Қауіптер (Threats)</b>
<p>1. Жоба менеджментіне сәйкес оқыту семинарларына қатысу және жобалық іс-әрекетте зерттеуші дағдысын дамыту;</p> <p>2. Білім беру ұйымдарында инновациялық жобаны іске асыруды негіздеу үшін іс-шаралар өткізу;</p> <p>3. Білім беру ұйымдарында оқу процесін сапалы өзгерту мақсатында әлеуметтік әріптестермен байланысты кеңейту және ынтымақтастықтың жаңа түрлерін көрсету;</p> <p>4. Сапалы әдістемелік сүйемелдеу үшін білім беру ұйымдарында инновациялық жобалардың бағдарламаларын қарастыру үшін шығармашылық топ құру</p>	<p>1. Қала шеңберінде педагогтердің көші-қоны салдарынан жоба қатысушысы болып табылатын педагогтердің өзара алмасуының болмауы;</p> <p>2. Жекелеген білім беру ұйымдарында жобалардың шамадан тыс жүктелуі;</p> <p>3. Жекелеген білім беру ұйымдарында жоба үйлестірушілері мен педагогтерінің шамадан тыс жүктелуі;</p> <p>4. Әлеуметтік серіктестердің жобаны іске асыру кезіндегі бұзушылықтары немесе келісімдерді сақтамауы;</p> <p>5. Жобаны қаржыландырудың жеткіліксіздігі немесе болмауы;</p> <p>6. Жоба мақсаты өлшемінің болмауы;</p> <p>7. Инновациялық жобаны енгізу бойынша қатысушыларды іріктеу критерийлерінің болмауы</p>

Осы SWOT-талдау негізінде туындайтын проблемаларды шешудің белгілі бір жолдарын келтіруге болады (2.5-кесте).

### 2.5-кесте. Мәселелерді шешу жолдары

<b>№</b>	<b>Жұмыс бағыттары</b>
1	Инновациялық жобаны іске асыруды сүйемелдеу және мониторингілеу бойынша шетелдік және отандық әріптестермен бірлесіп әдістемелік семинарлар өткізу
2	Инновациялық бағдарламаларды іске асыру бойынша проблемалық мәселелерді қарау үшін талдамалық жұмыс тобын құру
3	Жобаның әрбір кезеңін іске асыру бойынша инновациялық жобаларды іске асыру тиімділігінің жыл сайынғы мониторингін жүргізу

4	Инновациялық жобаларды әдістемелік сүйемелдеу мәселелері бойынша Білім беруді жаңғырту орталығының әдіскерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстарына қатысу
---	---

## 2.4. Жаңартылған білім беру мазмұны аясында педагогтердің технологияларды, тәсілдерді, технологиялар элементтерін пайдалану нәтижелілігінің мониторингін талдау

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша мектептер жаңартылған білім беру мазмұнының сабақ құрылымында оқыту технологияларының элементтерін, технологияларын, әдістерін, тәсілдерін кеңінен пайдалануда. Бүгінгі таңда қала мектептерінде басымдылық көрсететін технологияларды зерделеу мақсатында ақпараттар жиналып, зерделенді.

Жаңартылған білім беру мазмұнының сабақ құрылымында оқыту технологияларының элементтері, технологиялары, әдіс-тәсілдері туралы ақпаратты жиыны 36 жалпы орта мектеп және 1 арнайы коррекциялық мектеп, 15 балабақша, 1 техникалық және кәсіби білім беру ұйымы ұсынды.

Мектептердің берген мәліметтері негізінде мынадай жағдайлар анықталды.

➤ **№37 мектеп-лицейі** барлығы **73 педагогтің** қолданатын технологиясын көрсеткен. Оның ішінде **бастауыш білім беру деңгейінде** «АКТ», «Денсаулық сақтау», «Ойын арқылы оқыту», «Дамыта оқыту», «Проблемалық оқыту», «Сыни тұрғыдан ойлау» технологияларын, сонымен қатар ағылшын тілі пәнін оқытуда «Тұлғалық-бағдарланған тәсіл», «Модульдық оқыту» технологияларын қолданылатындығы анықталды.

**Негізгі орта білім беру деңгейінде** орыс тілі, орыс әдебиеті оқу пәндерінде «АКТ», «Ынтымақтастық», «Тұлғалық-бағдарланған тәсіл», «Өзара оқыту», «Дифференциалды оқыту», «Шоғырланған оқыту», «Сыни тұрғыдан ойлау» технологияларын; ағылшын тілі пәнін оқытуда «АКТ», «Сыни тұрғыдан ойлау», «Денсаулық сақтау», «Деңгейлеп оқыту», «CLIL» технологияларын; қазақ тілі пәнін оқытуда «Сыни тұрғыдан ойлау», «Деңгейлеп оқыту», «Құндылықты-бағдарланған тәсіл», «Дамыта оқыту», «Жобалап оқыту» технологияларын; жаратылыстану, биология, химия, география пәндерін оқытуда «АКТ», «Кәсіби бағдар беру», «Сыни тұрғыдан ойлау», «Интерактивті және кіріктіріп оқыту», «Ойын арқылы оқыту», «Дамыта оқыту», «Деңгейлеп саралап оқыту», «Проблемалық оқыту», «Модульдық оқыту» технологияларын; Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы пәндерін оқытуда «АКТ», «Сыни тұрғыдан ойлау», «Ойын тәсілдері» технологияларын қолданатыны белгілі болды.



2.51-сурет


**Жалпы орта білім беру деңгейінде *биология, химия, география*** пәндерін оқытуда «АКТ», «Кәсіби бағдар беру», «Сыни тұрғыдан ойлау», «Интерактивті және кіріктіріп оқыту», «Ойын арқылы оқыту», «Дамыта оқыту», «Деңгейлеп саралап оқыту», «Проблемалық оқыту», технологияларын; *Қазақстан тарихы* пәнін оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен пайдаланатыны байқалды.

2.51-суретте берілген технологияларды неше мұғалім пайдаланатындығы көрсетілген. Сонымен қатар суреттен басымдылық беретін технологияны көруге болады: 29 мұғалім АКТ, 17 мұғалім сыни тұрғыдан ойлау, 14 мұғалім ойын тәсілдері, 6 мұғалім дамыта оқыту технологияларын қолданатындығын көрсетті. Сондай-ақ пән ерекшеліктеріне қарай CLIL, дифференциалды оқыту, тұлғалық-бағдарланған тәсіл, кәсіби бағдар беру, денсаулық сақтау, жобалап оқыту, шоғырланған оқыту, интерактивті және кіріктіріп оқыту технологияларын қолданады.

➤ **№10 мектеп-гимназиясы** жаңа технологиялармен, әдіс-тәсілдерімен тиімді жұмыс жасап жатқан барлығы 3 педагогті көрсетті. *8-11 сыныптарда* физика пәнінен 1 педагог «Белсенді оқыту әдістері», «Сын тұрғыдан ойлау технологиясының элементтері», «Жобалау-зерттеу» технологияларын қолданатындығы анықталды.

**Бастауыш білім беру деңгейінде *1,2-сыныптарда*** «Ақпараттық-коммуникативтік технология», «Ойын технологиясы», «Проблемалық оқыту», «Сыни ойлауды дамыту әдістері» технологияларын пайдаланатындығын көрсетті. *7,8 сыныптарда* информатика оқу пәнінде «Ойын технологиясы», «Ақпараттық-коммуникативтік технология», «Сын тұрғыдан ойлау» технологияларын қолданады.






2.52-сурет

2.52-суреттен №10 мектеп-гимназия педагогтері негізгі үш технологияны кеңінен қолданатындығын көруге болады.

➤ **№75 мектеп-гимназиясында** информатика пәнінен IT, Student Team Learning (командада оқыту), топтық-ойын әрекеті, тестілеу («Hot Potatoes»), жобалық технологияларды кеңінен пайдаланылады.

➤ **№82 «ДАРЫН» мамандандырылған лицейі** барлығы 35 педагогтің нәтижелі болып табылатын, білім беру процесінде тиімді қолданып жүрген технологияларын көрсетті. Берілген мәліметтер бойынша орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша «Цифрлық технологияларды пайдалана отырып, сыни ойлауды дамыту», «Орыс тілі сабақтарында ойын технологияларын қолдану»; биология және химия пәндерін оқытуда «Модульдік», «СТО»; бастауыш сынып пәндерін оқытуда «АКТ», «Ойын әдістемесі», «Блум таксономиясы»; ағылшыны тілі сабағында «Жобалау», «CLIL», «АКТ», «ойын әдістемесі» технолгиялары пайдаланатындығы анықталды. Сонымен қатар нәтижелі, әрі сапалы түрде қазақ тілі, математика, тарих, құқық, музыка және көркем еңбек пәндерін оқытуда «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы кеңінен қолданылуда.

№82 «Дарын» мамандандырылған мектеп-лицейі барлығы 7 түрлі технологияны тиімді пайдаланатындығын көрсетті. Оның ішінде педагогтердің 22,3% ақпараттық-коммуникациялық, ойын, 19,4% сыни тұрғыдан ойлау, 10,5% модульдық, жобалау және CLIL, 4,5% деңгейлеп-сраралап оқыту технологияларын қолданатындығы анықталды. Пайыздық мөлшерлеме бойынша педагогтердің оқу процесін ұйымдастыруда АКТ және ойын технологияларын тиімді қолданатындығын көрсетті (2.53-сурет).




2.53-сурет

➤ **I. Жансүгіров атындағы №58 мектеп-гимназиясы.** Аталған білім беру ұйымынан барлығы 30 педагогтің сабақта және тәрбие үрдісінде жиі пайдаланатын жаңартылған білім беру мазмұнын оқыту технологиясының элементтері, әдістері, тәсілдері, технологияларының 11 түрі қаралды.

2.54-суреттен педагогтердің 40% деңгейлеп-саралап оқыту (20%) мен ойын арқылы оқыту (20%), 10% CLIL, АКТ, СТО, дамыта оқыту технологияларын қолданатындығын көруге болады. Яғни жалпы педагогтердің 40% осы төрт технологияны қолданады.


Аталған 6 технология барлық технологиялар арасында басымдылық көрсетеді, яғни көрсетілген 11 технологияның 54,5% құрайды.



2.54-сурет

Сондай-ақ геймификация (3,3%), сатылай кешенді талдау (3,3%), SMART (3,3%), презентациялар (3,3%) технологияларын және 6,8% ақпараттық технологияны қолданатындығы анықталды.

➤ **№6 гимназия** барлығы 66 педагогтің қолданылатын технологиялары қаралды. Педагогтер 100% АКТ қолданатыны анықталды. Сондай-ақ СТО, проблемалық оқыту, іс-әрекеттік оқыту, зерттеу, эвристикалық оқыту, дифференциалды оқыту, тұлғалық-бағдарланған тәсіл, ойын арқылы оқыту, ынтымақтастық оқыту 65%, модульдық оқытуды 14,1%, кейс-стади тәсілін 4,5%, оқытудың белсенді элементтері 6,1%, диалогтық оқытуды 7,3%, ментальды картаны 3% педагог тиімді пайдаланатындығы анықталды (2.55-сурет).



Диалогтық оқыту әдісі тіл және әдебиет пәндерін оқытуда қолданылады. Ментальды карта, кейс-стади, модульдық оқыту технологиялары жаратылыстану бағытындағы пәндерді оқытуда кеңінен қолданылатындығы анықталды. Аталмыш технологиялар білім берудің барлық деңгейлерінде қолданылатындығы көрсетілген.


➤ **№26 мектеп-гимназиясы** ағылшын тілі мен биология пәндерінде тиімді пайдаланып жүрген технологияларды көрсетті. *Ағылшын тілі пәні бойынша 5-6 сыныптарда* тірек белгілері арқылы оқыту технологиясы, деңгейлеп саралап оқыту, проблемалық оқыту, сын тұрғысынан ойлау, интерактивті оқыту, диалогты оқыту технологияларын; *биология пәні бойынша 6-8 сыныптарда* модульдік оқыту, деңгейлеп оқыту, дамыта оқыту, жобалап оқыту, АКТ, саралап, даралап оқыту, сын тұрғысынан ойлау, ойын арқылы оқыту, ұжымдық және топтық оқыту, ынтымақтастық оқыту технологияларын қолданатындығы анықталды.

➤ **№66 мектеп-лицейі** барлығы 20 педагогтің тиімді қолданып жүрген технологиясын көрсетті.

*Бастауыш білім беру деңгейінде* сатылай кешенді оқыту, сын тұрғысынан ойлау, интербелсенді әдістер, ойын арқылы оқыту технологиялары; *негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейінде* Қ.О.Бітібаеваның «Әдебиетті оқыту әдістемесі», сын тұрғысынан ойлау, сатылай кешенді оқыту, БЛУМ, тірек сызбалар арқылы оқыту, ойын арқылы оқыту, модульдік оқыту, диалогты

оқыту, ақпараттық технологияларды кеңінен қолданады. Оның ішінде пайыздық мөлшерлемеде 2.60-суретте көрсетілген.

Суреттегі диаграммадан педагогтердің басым көпшілігі интербелсенді 20% және сын тұрғысынан ойлау 20% технологияларын таңдайтыны белгілі болды. Үшінші кезекте 15% педагог сатылай кешенді оқыту технологиясын қолданатыны анықталды.



2.5


6-сурет

Сондай-ақ 5% педагог Қ.О. Бітібаеваның ізбасарлары ретінде авторлық технологиясын қолданатынын көрсетті.

**Анықтама:** Бітібаева Қанипа Омарғалиқызы - Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің құрметті қызметкері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Шығыс Қазақстан облысы мен Тарбағатай ауданының, сондай-ақ Тусон қаласының (АҚШ) Құрметті азаматы, профессор, Қазақстан Педагогика Ғылымдары Академиясының Құрметті академигі. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Қанипа Бітібаева «Құрмет» орденімен, Крупская және Алтынсарин атындағы медальдармен марапатталған.

Ана тілі мен қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың авторлық әдістемесі Республикалық ғылыми-әдістемелік зертхананы құруға негіз болды. Бітібаева қазақстандық оқулықтарды қалыптастырудың бастауында тұрды және 12 жылдық білім беру бағдарламасын әзірлеуге қатысты.

➤ **№5 гимназия барлығы 72 педагогтің** тиімді қолданып, жақсы нәтиже беріп жүрген технологияларын көрсеткен. Жиналған мәліметтер бойынша барлық (100%) педагогтер СТО, АКТ, ойын арқылы оқыту, денсаулық сақтау, интербелсенді оқыту, проблемалық оқыту технологияларын қолданатындығы анықталды. Жобалық іс-әрекет бойынша 3 педагог, дебат әдісі элементтерін 1 педагог, тірек-сызбалар арқылы оқыту технологиясын 1, зерттеу әдісін 1, кейс-стади әдісін 2, проблемалық оқытуды 2 және ынтымақтастық (топтық, ұжымдық, жұптық) технологиясын 2 педагог қолданатыны анықталды (2.57-сурет).



2.57-сурет

➤ **№46 мектеп-балабақша кешені** барлығы 12 педагогтің оқыту процесінде тиімді пайдаланып жүрген 4 технологиясын көрсетті:

- ✓ Ойын арқылы оқыту технологиясы – 1 педагог;
- ✓ Кіріктіріп оқыту – 3 педагог;
- ✓ Дамыта оқыту технологиясы – 5 педагог;
- ✓ Ұнтымақтастық педагогикасы – 3 педагог.

Жиналған мәліметтер негізінде «Ойын арқылы оқыту» технологиясы 4-сыныпта информатика пәнін оқытуда; «Кіріктіріп оқыту» технологиясы 7-9 сыныптарда жаратылыстану (география, биология және химия) пәндерін зерделеуде; «Дамыта оқыту» технологиясы 3,7,10-сыныптарда неміс тілі пәнін, 5-сыныпта информатика пәнін оқытуда; «Ұнтымақтастық педагогикасы» технологиясын 5-сыныпта қазақ тілі және орыс тілі пәндерін, сондай-ақ 4-сыныпта математика пәнін оқытуда қолданылатыны анықталды.

➤ **Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектеп**

Берілген мәліметтер бойынша мектепте **73 педагог** оқу процесін ұйымдастыруда белсенді, тиімді, оң нәтиже беретін әдіс-тәсілдерді қолданады. Әдіс-тәсілдердің басым көпшілігі қайталанатын, десе де кеңінен интербелсенді әдіс тәсілдері кеңінен қолданылатыны байқалды. Кеңінен қолданылатын технологиялар мен әдістер:

- ✓ Сын тұрғысынан ойлау
- ✓ АКТ
- ✓ Деңгейлеп-саралап оқыту
- ✓ БиС
- ✓ Интербелсенді
- ✓ Ойын арқылы оқыту
- ✓ Дамыта оқыту
- ✓ Диалогтық оқыту
- ✓ Ұнтымақтастық оқыту (топтық, ұжымдық, жұптық)

*Анықтама: Вассерман Федор Яковлевич – педагогика ғылымдарының кандидаты, «Биоинформатика және синергетика» оқыту сапасын басқару технологиясының авторы. «Биоинформатика және синергетика» технологиясы - оқушылардың тұлғасын өзін-өзі ұйымдастыру тәсілі немесе жетістікке өзінді бағдарлауға арналған. БиС технологиясының негізін сапа өлшеуіштерінің бірегей жүйесі құрайды.*

Осы аталған технологияларды, әдістерді жүзеге асыруда көптеген тәсілдер қолданылатынын көрсеткен, олар:

- Джигсо
- Кластер
- Қар кесегі
- Кинометафора
- Кім тапқыр
- Фишбоун (балық қаңқасы)
- Жетістік баспалдағы
- Графикалық органайзер
- Жуан-жіңішке сұрақтар
- Аквариум
- Ыстық орындық
- Атомдар мен молекулалар
- Қабырғадағы жазулар
- Үш неліктен
- Тізбектей сұрау
- Репортер
- Миға шабуыл
- Неге? Қалай? Қашан?
- Ашық микрофон
- Желпуіш (веер)

➤ **№25 орта мектеп** өте тиімді қолданып жүрген 3 педагогтің әдіс, технологияларын көрсетті. Педагогтер АКТ, оқытудағы техникалық құралдар, ынтымақтастық оқыту, тәжірибелік әрекет технологияларын қолданады. Ынтымақтастық оқытуда топтық жұмыс түрі жүргізілетіні анықталды.

